

Еурохаттама - көлік жүргізушілер үшін ыңғайлы қосымша



ЖКО-ын полицияның қатысуынсыз рәсімдеу

2-БЕТ

«Жұмыспен қамту қоғамдағы масылдық көңіл-күйді азайтады»



6-БЕТ

Қара нотариус



8-БЕТ



• НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru
№36 (3715)
8 қараша 2024

7 10497 94351 12

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ ҚОР ҒӘМ ЫСЫРАПШЫЛДЫҚ



Парламент Мәжілісінде мақұлданған 2025–2027 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы заң жобасы бойынша кепілдендірілген трансферттің мөлшері жыл сайын 2 трлн теңге көлемінде болатыны айқындалды. Бұл отырыста 2029 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму болжамы негізінде әзірленген «2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасы қаралып, мақұлданған болатын. Жиында құзырлы орын өкілдері жасаған баяндамаға сүйенсек, бюджеттің 2025 жылға арналған шығыстары түсімдер мен тапшылықты ескере отырып, 25,8 трлн теңге болып, ағымдағы жылмен салыстырғанда 1,7 трлн теңгеге ұлғайып отыр.

(Соңы 3-бетте)

• МІНБЕР

ДАРА БИ мен БАЛА БИЛЕР САБАҚТАСТЫҒЫНАН ҰЛАҒАТ

Өткен жолғы бір мақаламызда қазақтың мәдениеті мен өнерінде шу дегеннен шығандап шырқап, қара үздірген, бала кезінен аты шыққан саңлақ билеріміз туралы ой өрбітіп едік, енді сол бағытымызды өрістетіңкіреп, басқа бір қырынан келуді мақсат қылып отырған жайымыз бар. Тақырып қызықтырса, әр тараптан сөз қозғап, оқырманға ой салғымыз келеді. Сонымен қатар, бұл бағыт біздің біраз мүдделерімізбен орайласып, жиі толғандырып жүргенін несіне жасырайық. Ол ойымызды ашпас бұрын, осы бір ежелден қалыптасқан билер институтының сабақтастығы туралы таратып айтып, сөз аяғын негізгі айтар ойымызға тіреп, қорытынды жасағымыз келеді.

Бізді қызықтырып жүргені, қазақ билер институтының тамыры тереңде жатқандығы, осы күндерге дейін мән-мазмұнын жоғалтқаны былай тұрсын, уақыт өткен сайын қасиеті артып, тағылымы тарала, өрісін жая түскендігі. Қатты қызықтыратыны, тіс қаққан, тәжірибелі дана да дара билеріміз бен олардың ізін басып, қу-

алай өсіп-жетілген бала билеріміздің арасындағы жалғасып жатқан дәстүр сабақтастығы. Осы дәстүр жалғастығына зер сала отырып, даналығымен дараланып, халқының шексіз ықыласы мен махаббатына бөленген билердің әуеселсін мойындай отырып, бала билердің тез өсіп, шапшаң қарқындап жетілуін әбден солай болуы

тиіс заңдылықтай мойындайсың. Соншалықты биік деңгейлі, даланың ғұлама билерінен, дана ұстаздарынан тәлім алған бала билер қалайша жылдам қанаттанып, шырқау шыңдарға қол созып, көк жүзінде еркін қалықтап, ақиық қырандарша самғауға талпынбасын?!

Халқымызда қай өлкемізде болмасын, бала билердің қаулай өсіп шығып, тым ерте бой көрсетуі де, әрине, ұлттық тәлім-тәрбие көзінің терең өрістілігін, би-шешендік мектебінің іргесінің беріктігін, алдыңғы аға буынның – жас ұрпаққа сәби шағынан көз айырмай көңіл бөліп, ұлағатты құндылықтарымызды құлағына сіңіре бергендігін танытары анық. Сондықтан «бала би» атанған дара саңлақтарымыздың желкілдеп өскен жас құрақтай, тез көктеп шығып, болар баланың өрісін бірден аңғартып, кішкене кездерінен жұртшылықты ауыздарына қаратуында белгілі

«АЛТЫН БАЛЫҚ ІЛІНЕТІН ҚАРМАҚ БЕР...»

«Даму» қорының қолдауымен Алматы облысында ШОБ кәсіпорындары 2010–2023 жылдары 1,3 мың жаңа жұмыс орнын ашты.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Алматы облысындағы филиалы жыл басынан бері шағын және орта бизнес кәсіпорындарына жалпы сомасы 113,63 млрд теңгеге қолдау көрсетті. Қор тарапынан қолдау тапқан жобалар саны 973-ті құрады.

– 10 айдың қорытындысы бойынша «Даму» қоры субсидиялау құралы бойынша кәсіпкерлердің 619 жобасына 83,6 млрд теңге сомасына, кепілдік беру бағдарламасы бойынша 289 жобаға 20,76 млрд теңгенің, жеңілдетілген несиелеу бойынша 9,193 млрд теңгенің 65 жобасына қолдау көрсетті. Ал 2010–2023 жылдар аралығында қор арқылы мемлекеттік қолдау алған кәсіпкерлер 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашып, бюджетке 500 млрд теңгеге жуық салық төледі, – дейді «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Алматы облысындағы филиалының директоры Абляхат Балтаев.

А. Өркешұлының айтуынша, жұмыс орындары бойынша қордың қолдау көрсеткен кәсіпкерлерге қоятын өз талабы бар. Ол 2 жылда бар жұмыс орнын сақтап қана қоймай, оны ары қарай көбейту керек. Егер бұл талапты орындай алмаса алған субсидиясының кепілін «Даму» қорына қайтарады. Олар бүкіл қаржының 2-3 пайызын құрайды.

Субсидиялау кәсіпкерлерге несие бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендетуге және сәйкесінше ай сайынғы төлемдерін азайтуға мүмкіндік береді. Бұл кәсіпкерлерге үнемделген қаражатты өз ісін дамытуға бағыттауға көмектеседі. Ал кепілдік құралы кепіл болмаған кезде бизнесті ашуға немесе дамытуға несие алу үшін банктер талап ететін кепіл береді. Қазір қор бағдарламаның 6 бағыты бойынша басымдыққа ие салалар арасында өңдеу өнеркәсібіне көп мән беріледі. Себебі, олар импорттық өнімдерді алмастыратын кәсіпорындар.

«БІЗ КЛИЕНТКЕ ТЕК ҚАНА ХИМИЯ ЕМЕС, ШЕШІМ ДЕ ҰСЫНАМЫЗ»

Мәселен, қор қолдауы арқасында кәсібін шағын бизнестен бастап, бүгінде орта кәсіпорын деңгейіне жеткен кәсіпорынның бірі «Goldman and Young» ЖШС-і. Өз қызметін 2004 жылы бастаған бұл компания 2012 жылдан бері тұрмыстық химия құралдары мен жуғыш заттарды өндірумен айналысады.

(Соңы 3-бетте)

бір жүйемен қалыптасқан заңдылықтар бар. Қазақ үшін бұл үйреншікті жағдай болған, яғни, бала билер төбеден түскендей таң қалдыратыны болмаса, әлдебір сиқырлы күшпен күдірет біткендей, таңғажайып ертегілер кейіпкерлері емес, олардың үйрену мектебінен өткені, тәжірибелі сақа билердің болар баланы таңдап, ел ішінен іріктеп отырғаны, қасына ертіп жүріп, ел ішінде үздіксіз жүріп жататын, жер дауы, жесір дауы, барымта-сырымта, ұрлық-қарлық сияқты түрлі дау-жанжалдарды шешу мәселелеріне қатыстырып, тіпті, араластырып отыруы, көзін тырнап ашқаннан аталы сөз тыңдауы – осындай тәрбиелік бағыт олардың тез пісіп, ерте жетілуіне ықпал ететінін баса айтуға қақылымыз. Келе келе, олардың шәулі балапан бүркіттей көздерін қияға қадап, ұшқын атуынан, қомданып, түлеп-талпынуларынан олардың пісе бастағанын аңғарған аға билер, енді бұларды билік істеріне араластырудан бой тартпай, сенім арта бастаған. Бұл арқылы олар екіжақты ұтқан, әрі оларды осындайда көмекші ретінде пайдаланып, өздерінің де қолы ұзарып, мойындары босаған, әрі оларға білген тәжірибесін үйретіп, билік ісіне толықтай ден қоюына ықпал еткен. Осындай сынақтардан өткеннен кейін, өзі зерек, алғыр бала талаптың тұлпарына мініп, дүр сілкініп қанаттанып, тез көтеріліп, тіс қаққан билермен иық теңестіріп, солармен парапар түсетін деңгейге жеткен.

(Соңы 5-бетте)

• БАҒДАР

Республика тәуелсіздік алғаннан бері сот-құқықтық реформаның өзекті мәселелері әрқашанда басты назарда болды. Сот жүйесіндегі барлық реформа жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ ШЕШІМДЕРІ ҚАЙТА ҚАРАЛМАЙДЫ

Осы мақсатта елімізде төмен тұрған сот сатыларының заңдылықты сақтауын тексеріп, бағалайтын мамандандырылған кассациялық соттар құруды көздейтін конституциялық заң қабылданды. Алдағы жылдың шілде айынан бастап іске кірісетін кассациялық соттар Астанада үш бағытта құрылады. Яғни, олар қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерде сот төрелігінің әділ атқарылуына кепілдік етеді. Азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін жоғарылатуда аталған соттар маңызды рөлге ие.

Өйткені, кассациялық сотқа істер алдын ала қараусыз тікелей түседі және оны қарау уақыты алты айдан аспауы тиіс. Сот процесі тараптардың қатысуымен ауызша жүргізіледі. Ең бастысы кассациялық соттар шешім қабылдауда азаматтардың ұсыныс-талабын ескереді. Құқық қорғау жүйесінің жоғары сатысы кассациялық соттарға сот актілерін қайта қарау, төменгі инстанциялардың шешімдерін тексеру және заңнаманың дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету жауапкершілігі жүктеліп отыр. Кассациялық судья заңдардың бүкіл елде бірдей түсіндірілуін

және қолданылуын қалыптастыруы тиіс. Олар заңмен берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. Мысалы, сот шешімдерін қабылдауда заң нормаларының дұрыс қолданылуы мен түсіндірілуін қамтамасыз етеді. Кассациялық сотқа шағым беруде тараптар төменгі саты соттары шешімдерінің заңсыздығына немесе әділетсіздігіне негізделген дәлелдерін ұсынады.

Кассациялық соттар азаматтардың құқықтарын қорғауда маңызды тетік болуымен қатар құқықтық тәртіпті нығайтуға да үлес қосады. Кассациялық сот істі мәні бойынша қайта қарамайды, мысалы, дәлелдемелерді бағаламайды, бірақ, құқық нормаларын қолданудың дұрыстығын тексереді. Бұл сот іс жүргізу және материалдық нормалардың бұзылғанын қарастырады дегенді білдіреді. Осы арқылы құқықтың бұзылуына жол бермейді. Егер кассация төменгі инстанциялар жіберген қателіктерін анықтаса, олардың шешімін жоюы немесе өзгертуі, істі жаңа қарауға жіберуі немесе жаңа шешім шығаруы мүмкін. Ең жоғары сот инстанциясы болғандықтан, оның шешімдері қайта қаралмайды. Дер-

бес кассациялық соттар сот жүйесінің тиімділігін арттыруымен, азаматтар құқықтарының әділ қорғалуымен маңызды.

Кассациялық сотқа кемі 18 жыл заңгер немесе 8 жыл судья болып жұмыс істеген, оның ішінде облыстық соттың судьясы ретінде 3 жылдық тәжірибесі

барлар ғана судья бола алады. «Тұтас кассация» қағидаты азаматтар мен заңды тұлғалардың сот төрелігіне қол жеткізу құқығын одан әрі кеңейтеді. Кассациялық соттар сот жүйесінің маңызды элементі болып табылады, өйткені олар сот шешімдеріндегі қателерді түзетуге көмектеседі және заңнаманың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Шешім қабылдаған кезде соттар тек заңды басшылыққа алады. Жалпы алғанда, кассациялық соттар төменгі саты соттарының заңды күшіне енген шешімдеріне шағымдар бойынша істерді қарап, сот шешімдерінің заңдылығы мен дұрыстығын тексереді. Сот жүйесін реформалау ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмалары аясында жүргізілуде. Реформалар барлық сот инстанциялары жұмысының тиімділігін арттыруға, сот төрелігінің сапасын жақсартуға және азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға бағытталған.

Талғат ОРЫНҒАЛИ,
Наурызбай аудандық сотының
төрағасы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

заң жобаларын әзірлеу жоспарлануда. Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру да назардан тыс қалмады. Бұл бағытта «Мемлекеттік қызмет туралы» заң жобасын жаңа редакцияда және оған ілеспе заң жобасы әзірленеді.

Заң жобасы сервистік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген, түпкілікті нәтижеге бағдарланған, мемлекеттік қызметтің гибриді моделін пайдалана отырып, мемлекеттік аппаратты кәсібилендіруді көздейтін мемлекеттік қызмет моделін қалыптастыруға бағытталған. Бұдан басқа, жоспардың жобасы республикалық бюджет және Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт туралы жыл сайынғы негізде дайындалды.

Осылайша, жоспар жобасы мемлекеттік реттеудің өзекті міндеттерін шешу үшін қажетті заң жобаларын қамтиды және мемлекет дамуының саяси бағытымен сәйкес келеді. Жоспар жобасы барлық мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген.

«Құқықтық актілер туралы» заңға сәйкес жоспардың жобасы Мемлекет басшысымен келісілу үшін Президент Әкімшілігіне жіберу ұсынылады.

ҚР Әділет министрлігі
баспасөз қызметі

• ОҢ КАДАМ

ӨЗЕКТІ БАҒЫТПАР ЖОСПАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ ҰСЫНЫЛДЫ

Әділет министрлігі Мемлекет басшысының, Үкімет басшылығының тапсырмалары, стратегиялық құжаттар, мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының 2025 жылға арналған жоспарының жобасын дайындады.

Жоспар жобасымен 2025 жылы денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру, құқық бұзушылықтардың алдын алу, баламалы энергетиканы, телекоммуникация нарығын дамыту және басқа да өзекті бағыттар бойынша 19 заң жобасын әзірлемек.

19 жоспарланған заң жобасының 6-уы жаңа редакциядағы заң жобалары болып табылады, 13-і қолданыстағы заңдарға түзетулер енгізуді көздейді.

Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру шеңберінде Банктер туралы жаңа заңды және осы саланың экономикалық белсенділігін ынталандырудың және одан әрі серпінді дамуының өзекті міндеттеріне жауап беретін ілеспе заң жобасы дайындалады.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесінің тиімділігін арттыру,

құқық бұзушылықтардың кез келген түрлерімен күресудің инновациялық және цифрлық әдістерін дамыту және олардың алдын алу, сондай-ақ құқық қолдану практикасын оңайлату мақсатында жоспар жобасында «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» заң жобасын жаңа редакцияда және оған ілеспе заң жобасын әзірлемек.

Бұдан басқа, жоспар жобасында келесі жылы бюджеттің мүмкіндіктері мен міндеттемелерін ескере отырып, базалық мемлекеттік медициналық көмектің бірыңғай пакетін, сондай-ақ осы саланы дамыту мақсатында телекоммуникациялар мен деректерді өңдеу орталықтары мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлеу көзделген.

Мемлекет басшысының өзге де тапсырмаларын орындау шеңберінде жоспар жобасымен сайлау заңнаманы жетілдіруге және баламалы энергия көздері саласын дамытуға бағытталған

• МЕЖЕ

ЕУРОХАТТАМА – КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІЛЕР ҮШІН ЫҢҒАЙЛЫ ҚОСЫМША

2024 жылдың басынан бастап елімізде «Еурохаттама» қосымшасы жұмыс істей бастады. Аталмыш жүйе полиция шақырмай және сот шешімін күтпей, шағын жол-көлік оқиғаларын оңайлатылған нысанда ресімдеуге мүмкіндік береді. Ұсақ жол-көлік оқиғаларын «жеңілдетілген тіркеуді» жүзеге асыру ең алдымен көлік жүргізушілердің көңілінен шыққан жүйеге айналды.

Көп жағдайда жолдағы көлік жүргізушілері асығыс, әлдебір мақсатына асығып бара жатқан жолда байқаусызда жол көлік оқиғаларына ұрынып жатады. Мұндай сәттерде уақыт қымбат болғандықтан тез, оңтайлы әрі уақыт үнемдейтін «Еурохаттама жүйесі» ыңғайлы болып отыр. Сондай-ақ оны қолданушылар сақтандыру ұйымына онлайн өтініш бере алады, биометриялық сәйкестендіруден өте алады, цифрлық құжаттарды, фото және бейнематериалдарды қоса алады, соның негізінде сақтандыру ұйымдар жәбірленушінің банктік шотына төлем жасайды. Бұл процедура жол-көлік оқиғасына қатысушылардың саны 2-ден аспаса, келтірілген залал мөлшері 100 АЕК-тен аспаса, үшінші тұлғалардың денсаулығы мен мүлкіне зияны болмаса және екі қатысушының да автокөлікті міндетті сақтандыру полисі болса ғана қолдана алады. Сондай-ақ екі жақтың келісімімен, біреуі кінәсін мойындаған жағдайда жол көлік оқиғасын жеңілдетілген тәртіппен ресімдей алады. Өз кезегінде бұл тәртіпті пайдаланған тұлғалар ЖКО жасағаны үшін әкімшілік жауапкершіліктен босатылады.

Шыны керек, көп жағдайда жол көлік оқиғасы орын алған соң полицияны күтуге көп уақыт кетіп қалады. Өсіресе, жауын-шашынды күні жол көлік оқиғалары жиілеген сәттерде, оқиға орнына полиция қызметкерінің тез жетуі мұң болып жатады. Дәл осындай сәттерде бұл қосымша-

ның маңызы зор. Және шағын жол-көлік оқиғасы үшін жүргізушілердің әкімшілік жауапкершілікке тартылмауы да талай жүргізушінің қалауы. Өуре-сарсаңы көп жұмыстан осылайша екі жақ келісе отырып бас тарта алады. Мұндай кездерде сақтандыру төлемдерінің де мерзімі қысқарады. Мәселен, бұрын бұл процесс 60 күнге дейін созылса, ал қазір тіркелген сәттен бастап төлемдерді алғанға дейін шамамен 5 күн кетеді.

Бұл да көлік жүргізушілерге өте ыңғайлы әрекет деуге болады. Жол-көлік оқиғасын ресімдеу үшін «Еурохаттама» мобильді қосымшасын көшіріп, авторизациядан өтеді. Орын алған апаттың күнін, уақытын және орынн көрсетіп, жол-көлік оқиғасына кінәлі адамның және жүргізушінің деректерін енгізеді. Төрт жағынан мемлекеттік нөмірі бар көше мен көлік құралының фотосуреттерін түсіріп, хаттаманы жібереді. Одан кейін 5 күн ішінде жүйеден растауды күтеді. Осындай барынша оңтайлы жүйе қоғам үшін қазір оңтайлы болып отыр. Егер көрсетілген шарттардың бірі болмаса немесе жүргізушілер апаттың мән-жайы туралы келісе алмаса олар полиция қызметкерлерін шақыруға және белгіленген тәртіппен ЖКО ресімдеуге міндетті. Негізі бұл жүйе осыған дейін Германия, Бельгия, Греция, Италия, Португалия, Испания, Франция және басқа елдерде кең таралған. ТМД елдерінде еурохаттама Ресейде, Беларусьте, Украинада, Арменияда және Өзбекстанда енгізілді. Бұл жүйені енгізу полиция мен көлік жүргізушілер арасындағы өзара іс-қимылды бюрократиясыздандырудың тағы бір қадамы болып отыр.

Тимур РАИСОВ,
Алматы қаласының әкімшілік
құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы

• МӘРТЕБЕ

ТІЛ АРҚЫЛЫ ЕЛ ТАРИХЫН ТАНИСЫҢ

Еліміз егемендік алып, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болғалы бері, тілді қолдану өрісі де кеңейді. Мемлекеттік тіл мемлекеттік маңызды мәселе болғандықтан, тіл білу халықты, оның тарихын, тұрмысы мен әдеп-ғұрпын және салт дәстүрлерін терең тануға жол ашатыны бәрімізге мәлім.



Ата-бабамыздан қалған талай жылдық тарихы бар ана тілді қайта жаңарту, оның қолдану аясын кеңейту, қасиетті тілімізді отбасы-ошақ қасынан төрге шығару біздің алдымызда тұрған үлкен міндет деп білемін.

Мемлекеттік тіл сол елдің халқын біріктіретін, ортақ істерге жұмылдыратын, елге деген перзенттік ықыласты қалыптастыратын бірден-бір құрал. Сондықтан әлемдегі барлық өркениетті елдердегідей мемлекеттік басқару жүйесінде қызмет істейтіндердің бәрі бұл тілді білуге міндетті.

Әрбір мемлекеттік мекемелер талап арыздарды және басқа да құжаттарды тек мемлекеттік тілде жолдау жөнінде бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылуда. Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шығыс құжаттардың барлығы қазақ тілінде жолдануда.

Сондықтан әрқайсысымыз тілімізге ерекше құрмет көрсетіп, оның дамуына барынша үлес қосып, жұмыла жұмыс жасауымыз қажет.

Г.МАТЖАНОВА,
Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотында сот әкімшісі басшысының м.а.

• МЕДИАЦИЯ

Билер соты дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан билік институтының құқықтық нормаларды реттеудегі озық үлгісі, сондықтан, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу әрқашан да маңызды болмақ. Осы мақсатта медиация институтының жаңғыртылуы қоғамның құқықтық мәдениетін дамытуда таптырмас тәсіл саналады.

БІТІМГЕРШІЛІК ИНСТИТУТЫ – ӨРКЕНИЕТ ЖОЛЫ

ҚР Судьяларының VII съезінде сот саласының қазіргі заманға сәйкес дамуына ерекше назар аударылып, соттардың алдына даулардың бейбіт тәртіппен шешілуіне азаматтарға жүйелі түрде бітімгершілік рәсімдері әрекеттерін түсіндіру қажеттігі туралы мақсат қойылды.

Себебі, елімізде билер институтынан бастау алатын бітімгершілік тәсілдерін жандандыруға айрықша көңіл бөлінуі өз кезегінде тартыс деңгейін төмендетеді, сол арқылы құқықтық орта қалыптастырып, азаматтық қоғам құруға бастайды. Токсан рулы елдің дауын тоғыз ауыз сөзбен түйіндеп, татуластырған дана бабаларымыздың бітімгершілік саясаты тәуелсіз елімізде жаңа серпінмен қолға алынуы құптарлық жағдай. «Бітіммен біткен істе береке бар» қағидасын ұстанған соттар бүгінде сот төрелігіне жүгінушілерге дауды келісіммен аяқтау нормаларын заң аясында түсіндіріп, бағыт-бағдар береді. Әрі істі ортақ мәмілемен бітіруге тараптарға көмектеседі.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 120-бабымен нақтыланғандай, тараптар өзара жол беру негізінде процестің барлық кезеңінде татуласу, медиация, партисипативтік рәсімдер тәртібімен келісім жасай алады. Яғни, олардың судья шешім шығаруға кеткенге дейін осы рәсімдердің өздеріне тиімдісін таңдау мүмкіндігі бар. Бұған қоса жауапкердің әкімшілік қалауымен де татуласуға жол беріледі.

Айтты өтерлігі, әкімшілік органның, лауазымды адамның ел заңдарында белгіленген мақсаттар мен шектер заңдылығын бағалау негізінде ықтимал шешімдердің бірін қабылдауы әкімшілік қалау болады. Бітімгершілік рәсімдерінің қай-қайсысы болсын жазбаша түрде жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды.

Жоғарыда аталған баптың 8-тармағымен айқындалғандай, судья тараптарды татуластыруда қажетті шараларды қабылдайды. Татуласу, медиация, партисипативтік рәсімдердегі келісімшарттар заңға қайшы келмеуі тиіс, бұлай болған жағдайда оларды сот бекітпейді. Егер тараптар дауды реттеу туралы келісімге кел-



Нұрбол СЕЙЛОВ,
Алматы қаласы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

месе істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Дау-жанжалды ортақ мәмілемен шешудің баламалы тәсілдерін дамыту мақсатында құрылған татуластыру орталықтары мен билер кеңестері дауласушыларды татулыққа үндеп, сол арқылы соттардағы жүктемені азайтуға ықпал етуде. Дау шешудің баламалы тәсілдерінің басты артықшылығы, мұнда сот шешімі орындалмай қалмайды. Келісімшартқа ерікті түрде отырғандықтан, тараптар ондағы шарттарды дер кезінде, белгіленген уақытта орындауға ұмтылады. Медиация институтын жан-жақты дамытудағы заңнамалардың қолданысқа дендеп енуі құқықтық мемлекет құруды мақсат еткен елімізге өзгеше серпін береді. Қоғамдағы кез келген қайшылық пен дауды азаматтық келісім аясында шешу өркениетке жол ашады. Яғни, дау атаулының өзара келісіммен бітуі азаматтар үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін пайдалы.

Мемлекет, Жоғарғы Сот тарапынан бітімгершілік институтын дамытуға түрлі шаралар қабылданып жатыр, соған орай, оны кеңінен қолдануға барлық мемлекеттік органдар мүдделілік танытып, заңмен берілген мүмкіндіктерді пайдалануға халықты жұмылдыра білсе нұр үстіне нұр болар еді. Олай дейтініміз, «Елінің ішін даудан, сыртын жаудан сақта» – деген бабалар өсиетін орындау кімге болса да азаматтық парыз саналады.

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ ҚОР ҒӘМ ЫСЫРАПШЫЛДЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұған халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және өңірлерді дамыту бойынша өлшемдердің артуы негіз болды. Бюджетте мәселен, халықты таза сумен қамтамасыз етуге, жылу, электр энергетикасын, көлік, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамытуға, сондай-ақ «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыруға қосымша шығыстар көзделген. Сонымен қатар, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шенберінде медициналық қызметтер көрсетуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізуге арналған шығыстар қарастырылыпты. Осыған орай бюджет шығыстарының бірнеше негізгі бағыттары айқындалған. Біріншісі әлеуметтік саланы дамыту. Бюджет өткен жылдардағыдай әлеуметтік бағдарланған болып қала береді. 2025 жылы әлеуметтік саланың шығыстары ағымдағы жылға қарағанда 862 млрд теңгеге ұлғайып, 9,8 трлн теңге көлемінде жоспарлануда. Оның бюджет шығыстарындағы үлесі 38 пайызды құрайтын болады. Екінші бағыт – өңірлерді қолдау. 2025 жылы өңірлерге республикалық бюджет қаражаты есебінен 7,5 трлн теңге бөлінеді. Бұл сома ағымдағы жылмен салыстырғанда 405 млрд теңгеге артық. Оның көлемі бюджеттің жалпы шығыстарының шамамен 30 пайызын құрайды. Үшінші бағыт – экономиканың нақты секторын дамытуды қолдау. 2025 жыл бұл бағыт бойынша 2,1 трлн теңге қарастырылған. Оның ішінде, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес агроөнеркәсіптік кешенді дамыту күшейтілді. Сонымен қатар 2025 жылға арналған күш құрылымдарының

шығыстары 109 млрд теңгеге ұлғайып, 2,7 трлн теңге көлемінде жоспарланып отыр. Мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтық тәртіпті қорғау және ішкі тұрақтылықты қолдау жөніндегі іс-шаралар толық көлемде жүзеге асырылатын болады. Мәжілісте депутаттар көтерген мәселелер, әсіресе өңірлердің қажеттіліктері барынша ескеріліп, соның арқасында 400 млрд теңгеден астам қаражат маңыздылығына қарай қайта бөлініпті.

Дегенмен, елдің бюджетін пысықтауда Үкімет тарапынан жыл сайын жіберілетін олқылықтар аз емес. Сөз алған депутаттардың айтуынша, бюджет қаржысының басым бөлігі мұнайға, шикізатқа тәуелді. Әлі күнге дейін республикалық бюджеттің 40 пайызын қазба байлықты экспорттаудан түсетін кіріс құрайды. Осы тәуелділіктің салдарынан Президент тапсырған экономиканы әртараптандыру жөніндегі прогрессивті бастама Үкімет тарапынан жеткілікті деңгейде жүзеге аспай отыр. Сондай-ақ еліміздегі орта бизнестің экономикадағы үлесі небәрі 7 пайыз ғана. Бұл тым аз көрсеткіш.

Есесіне Ұлттық қордан алынатын қаржы көлемі артып барады. Мұны Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров журналистерге Үкіметтің «мақсатты трансферт жұмсалатын әрқашан үлкен жобалары бар» деп мәлімдеген болатын. Ал, жиында сөз алған Мәжілістегі Жалпы ұлттық социал демократиялық партия фракциясының жетекшісі Асхат Рақымжанов мұны шенеуніктердің өз тәбеттерін азайтқысы келмеуінің салдары деп мәлімдеді. Ол келтірген мәліметтер-

ге қарағанда, егер 2000–2023 жылдар аралығында Ұлттық қорға 75,4 трлн теңге бағытталса, оның шамамен 70 пайызы немесе 47,8 трлн теңге кепілдендірілген және нысаналы трансферттер түрінде тәркіленді. Осының салдарынан ондағы қаржы азайып барады. Бүгінде оның активтері 32 трлн теңгеден сәл асады. Ұлттық қордың басты мақсаттарының бірі – болашақ ұрпақ үшін қаржы қаражатын жинақтау болса, соңғы жылдары ақша ағымдағы шығындарға жұмсалады және бұл шығындар жылдан жылға өсіп, болашақ ұрпақты стратегиялық қаржы қорынсыз қалдыру қаупі бар. Экономикалық блок министрлерінде бұл шығындарды азайту туралы ой жоқ. Олар бюджеттің 40 пайызы әлеуметтік бағдарланған, сондықтан шығындар зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақы дегенді айтады. Қазақстандықтардың орташа жасы – 32 жас екенін ескерсек, бұл туралы айту қиынсыз, дұрысы оларды тиімді жұмыс орындарымен қамтамасыз ету қажет.

Ұлттық қор қаражаты ысырабын тоқтату үшін Ұлттық банк басшысы Тимур Сүлейменов мақсатты трансфертті бюджет ережесінің периметріне енгізуді оны ерікті түрде ұлғайтуға тосқауыл қою қажеттігін айтқан екен. Депутаттар бұл шешімді қазір Парламентте қаралып жатқан Бюджет кодексіне енгізу қажеттігін айтты. Алайда, Үкіметтің ұстанымына сүйенсе отырып, бұл ұсыныс оң қабылданбапты. Ондағылардың айтуынша, «бұл жағдайда кейбір басым жобалар қаржыландырусыз қалуы мүмкін».

Ал, депутат Магеррам Магеррамовтың айтуынша, мемлекеттік жоспарлау ауқымындағы шығындардың кейбір са-

наты негізсіз жоғары. Мәселен, 2011–2024 жылдар аралығында Үкімет жыл сайын «Назарбаев зияткерлік мектептері» автономдық білім беру ұйымдарына «нысаналы салымдар» ретінде 689 млрд теңге бөлді. 2011–2024 жылдар кезеңінде нысаналы жарналар арқылы Назарбаев университеті мен Назарбаев зияткерлік мектептерін жан басына шаққандағы қаржыландыру бір білім алушыға орта есеппен 27 млн теңге болды. Бұл көрсеткіш Қазақстанның кез келген өңіріндегі бір адамға шаққандағы субвенциялар көлемінен едәуір артық. Мысалы, осыған ұқсас кезеңдегі ең ірі жан басына шаққандағы қаржыландыру Солтүстік Қазақстан облысында бір адамға орта есеппен 3 млн теңгеден сәл асады. Магеррамовтың айтуынша, Ұлттық қорға қол сала бергенше осындай шығындарды жойып, бюджет тапшылығын жоюдың басқа шараларын қарастыру керек. Бұл орайда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және «Самұрық-Қазына» ҰҰҚ» АҚ квазимемлекеттік сектор субъектілерінен дивидендтер алу жолымен қосымша кірістер жасалуы керек. Сонымен қатар, ҚР Мемлекеттік бюджетінің шығыстарын секвестрлеу қажет. Мұның бір жолы әртүрлі имидждік іс-шараларға шығындарды азайту. Бюрократияны азайту, шығыстарды онтайландыру және тұтастай алғанда мемлекеттік процестерді жақсарту мүмкіндігін анықтау үшін республиканың барлық мемлекеттік органдарына тәуелсіз аудит жүргізу де өзекті болып тұр.

Мәжілістегі «Ақ жол» партиясы фракциясының жетекшісі Азат Перуашев жаңа құжаттағы бюджет саясатының бағыттарында да, құралдарында да ерекше өзгерістер болған жоқ деп салды. Мемлекет басшысы айтқандай, жеке пайыздар емес, негізгі тәсілдер, экономикалық моделді өзгертуі керек еді. Өкінішке орай, бұл тұрғыда еш алға жылжу жоқ. Перуашев мырза да Ұлттық қордың жайына алаңдаушылық білдірді.

– Дәл бір жыл бұрын үш жылдық бюджетті талқылау кезінде Үкіметтің 2025 жылдан бастап Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферттерден толық бас тарту жоспарын қолдадық.

2025 және 2026 жылдарға арналған осы бағанда біз бекіткен бюджетте 0 саны тұр. Енді кенеттен нөл емес, бірден 3,3 триллион шығын. Жалпы, ҚР Бюджет кодексінің 23-бабы Ұлттық қордан нысаналы трансферттерді екі жағдайда, яғни, экономиканың құлдырауы кезеңінде дағдарысқа қарсы бағдарламаларды қаржыландыру немесе оларды қаржыландырудың баламалы көздері болмаған кезде әлеуметтік бағдарламалар мен стратегиялық инфрақұрылымдық жобалар үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Алайда, үкімет дағдарысқа қарсы бағдарламаның бар екенін мәлімдеген жоқ. Біздің ойымызша, қаржыландырудың баламалы көздері де бар, бұл туралы «Ақ жол» фракциясы бюджетті әрбір талқылау кезінде – ірі мұнай-газ жобаларына, банктерге әділ салық салу бойынша ӘБК шарттарын ашу және қайта қарау талаптарынан бастап, квазимемлекеттік сектор мен ұлттық компаниялар тарапынан бюджетке барабар салымдары. Тағы бір мәселе – біз Үкіметтің 2025 жылы Ұлттық қор активтерін 80,7 млрд АҚШ доллары көлемінде жинақтауды қамтамасыз ету жоспарын бекіттік.

Ал енді бізге 2025 жылы Ұлттық қор активі 80,7 млрд теңге емес, 62,2 млрд, яғни 18,5 млрд долларға кем болатынына келісу ұсынылып отыр. Бірақ бұл 18,5 миллиард доллардың қайда жоғалып кеткені, Ұлттық қор неге оларды есептемегені және бұл үшін кім жеке жауап беретіні белгісіз. Өткен жылы бюджет жобасын басқа үкімет қалыптастырды деп айтуға болады, бірақ бұл олқылықтардың орын алуына себеп емес. Министрлердің тегіне қарамастан, мемлекеттің экономикалық саясаты дәйекті және ілгерілемелі болуы керек, Мұның сыртында алдыңғы және қазіргі үкіметтер бір партиядан тұрады. Сонымен қатар, Үкімет сүйенетін Президенттің жыл сайынғы жолдаулары жойылмайды, олар тек бірін-бірі толықтырады және дамытады, – деді ол. Алып-қосары жоқ, жөн сөз. Алайда, осындай талай айтылған орынды базыналар тыңдаушысыз қалуда.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

• НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

«АЛТЫН БАЛЫҚ ІЛІНЕТІН ҚАРМАҚ БЕР...»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Онда тұрмыстық химияның 50-ден астам атаулы өнімдері шығарылады. Тізімде сусабандар мен еден жууға, кілем тазалауға, ыдыс жууға, ыдыс жуғыш машиналарға, кір жууға арналған және тағы басқа өнімдер бар. Компания бүгінгі таңда өз өнімдеріне қажетті пластмаса бұйымдарын (канистрлер, өнімдерге арналған бөшкелер, ыдыстар) өндіруді қоса алғанда, өндірістің толық циклін жүзеге асырады.

«Біз өз қызметімізді мега кіші өндірістен бастағанмызбен, алдымызға үлкен мақсат қойдық. Егер біздің жобаларымызға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры сенбегенде дамуымыз қазіргідей деңгейде болмас еді. Алғашқыда балалар косметикасын өндіру мақсатында зертхана жасалымдары түрінде құрылды. Бұл сусабан, душ гелі, тіс пастасы болатын. Бізде жекеменшік «Утя» бренді болды. 2010 жылдан бастап «Дисней» және «Марго» сауда белгілері бойынша өнімдер шығармақ болдық. Келісім 1 жылға жасалды. 2011–2012 жылдары балалар косметикаларын өндіре бастадық. «Диснеймен» жасалған келісім бизнесімізге жақсы серпін берді. Өйткені өнім сапасына қойылатын талаптар да өте жоғары болды. Ал 2013 жылы біз өзімізге күтпеген жаңа нарық аштық. Яғни, мас-маркет емес, хорика сегментін», – дейді «Goldman and Young» ЖШС директоры Шолпан Итпаева.

Ш.Сағындықызының айтуынша, хорика – көзге көрінбейтін сегмент. Бұл адамдар қонақ үйге барғанда нөмірді тазалайтын, төсек-орын жаб-

дықтарын жуатын және мейрамхана желісіндегі кәсіби тазалау химиясы. Бұл ыдыс-аяқ жуатын машиналар мен дезинфекция және арнайы тазалау құралдары. Онда жай тұрмыстық химия қолданылмайды.

«Біз оны өзімізге кездейсоқ аштық. Өте қызықты тәжірибе болды. Ешкім сендер қазақстандық өндіруші екеніңдер ғой, бізге келіндер деген жоқ. Біздің басқа өндірушілеріміз бар, солармен жұмыс істейміз деді. Бізге олардың сеніміне ие болу үшін уақыт қажет болды. Осы бағытта мақсатты жұмыс істедік, өндіретін өнімдеріміздің бәрін өзіміз ойлап таптық. Бізде жасалымдар зертханасы мен сапаны бақылау зертханасы бар. Бұл жасалымдарды сертификаттап, шығару кейде бір жылға дейін созылды. Өйткені аккредиттелген зертханалардан сынақтан өткен соң ғана мемлекеттік тіркеу куәлігі беріледі», – деген өндіріс орнының басшысы жаңа зауыт салу қажет болған кезде бірден «Даму» қорына жүгінгендерін айтты. Өйткені айналымдағы қаржылары жетпегендіктен инвестициялық қарызға кепіл қажет болған. Ал қордың кепілдігінің арқасында алынған несінен 2019 жылы толық жаппақ.

Қазір өнімдерін Ресейге экспорттайтын жағдайға жеткен бұл компанияның ішкі нарықтағы негізгі тұтынушысы – Теңіз компаниясының вахталық кенттері болып отыр. Өнімдер ассортименті де 100-ден асып отыр. Соның арқасында олар бір қонақ үйді бүкіл қажетімен қамтамасыз ете алады. Бұл асхана, нөмірді тазалау қоры мен кәсіби төсек-орын жабдықтарын жуу.

«Экспортқа шыққанда да бізге бәрі күмәнмен қарады. Сіздерде шынайы өндіріс бар ма деп тексерді. Өнімдерімізді сынақтан өткізіп, бізге келіп өндірісті тексергенде бәрі қайран қалатын. Себебі, бұл нарықтағы негізгі екі ірі ойыншыға бәрі үйреніп қалған болатын. Біз клиентке тек қана химия емес, шешім де ұсынамыз. Кәсіби өнім дайын күйінде жеткізіліп, оны қолдану кезінде ешкім қосымша су тасып, оның аз не көп қолданылғанын өлшеп зәуре болмайды. Арнайы қондырғы бәрін норма бойынша текшеп береді», – деген «Goldman and Young» ЖШС директоры өндіріс орны өз қызметін үш химик жасаушы мен екі әртүрлі жұмысшыдан бастағанын айтты. Бүгінде мұнда кеңсе мен өндіріс жұмысшыларын қосқанда 50 адам жұмыс жасайды. Компания қызметкерлерінің 80 пайызы бұрыннан келе жатқандар. Қалғаны өндіріс ұлғайған кезде қатарға кейін ғана қосылғандар.

– Мен мұнда косметикалық өнімдердің өндіріс шебері болып қызмет атқарам. Осында жұмысқа келгенім 12 жыл болды. Бұл кәсібім өзіме қатты ұнайды. Қаптаушыдан бастап өндіріс шеберіне дейін жетіп отырмын. Бүгінде жұмыста ешқандай қиындықты сезінбеймін. Бәрі өзіме ұнайды, қызықты. Қызметім өнім қаптамасының талапқа сай болып, ешқандай олқылықсыз қолданушыға өнімді қолдану тәртібімен танысып, немен айналысуына нұсқау беру. Химиялық өніммен, оның арнайы құрал-жабдықтарымен жұмыс жасауға әбден үйрендім. Одан ешқандай қорқынышым жоқ. Қауіпсіздік талаптарын әрдайым сақтап, киім-кешек пен



қорғаныс құралдарын пайдаланамыз, – дейді Наталья Аниковская.

ОТАНДЫҚ ӨНЕРКӘСІПТІҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Алматы облысындағы ірі өнеркәсіп орындарының бірі – «БЕНТ» компаниялар тобы. Ол өз қызметін 1987 жылы құрылған «Ремстройтехника» өндірістік бірлестігінің қысымды құбырлар зауыты базасында бастады. 2015 жылы атауын өзгерткен өндіріс орнында түрлі салаға маманданған бірнеше жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер пайда болған болатын. Мәселен, «БЕНТ» фирмасы» ЖШС-і рельефтік бекітпелері бар темірбетон шпалдарын өндіру зауыты болса, «АвтоклавКЗ» ЖШС автоклавты газоблоктарын өндіретін цех. «Standlab» сертификаттау орталығы өндірілетін өнімнің кіріс және шығыс сапасын бақылауға, ал «БЕНТ фирмасы» ЖШС оқу орталығы жұмыссыз тұлғалар мен зауыт қызметкерлерін оқытуға маманданған. Биыл компаниялар тобын субсидиялау түріндегі мемлекеттік қолдау шараларымен 500 млн теңге мөлшерінде қарыз қаражатына «Нұрбанк» АҚ арқылы өнім өндіру қызметін кеңейтті.

«Мұнда жылына 800 мыңданадан астам теміржол шпалдары мен оған қажетті 2 млн дана бекітпелер өндіріледі. Мәселен, рельс бекітпелері технологиясы өзімізде патенттелген. Оның өзге ұқсас бұйымдардан басты айырмашылығы жүктемеге шыдамдылығы. Ол жылдамдығы жоғары жолдарға өте тиімді. Сол сияқты көпірде, туннельде қолданылатын шпалдар Қазақстанда тек бізде ғана жасалады. Олар да жүктемеге төзімділігімен ерекшеленеді. Егер тапсырыс болса өнім көлемін одан да көбейтуге әлеуетіміз жетеді», – дейді «Standlab» сертификаттау орталығы зертханасының жетекші маманы Нығмет Маматов.

«Бент фирмасы» ЖШС-нің өндіріс жөніндегі вице-президенті Серік Күзембаевтың сөзіне қарағанда, БЕНТ компаниялар тобының өнімдерін республиканың 100-ден астам компаниясы қолданады. Мәселен, рельефтік бекітпелері бар темірбетон шпалдарының негізгі тұтынушысы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы. БЕНТ компаниялар тобы бұдан бөлек жылына 400 мың текше метр тауарлық бетон мен 100 мың текше метр автоклавты газоблоктарды өндіреді. Мұндағы орташа жалақы 380-400 мың теңгені құрайды. Жұмысшылар азанда жұмыс орнына,

кешке үйіне тасымалдайтын арнайын автобустар мен өндірістік киім-кешекпен толық қамтамасыз етілген.

«Құрылыс саласында кең қолданылатын автоклавты газоблоктарға қажетті шикізаттардың бәрі қазақстандық. Атап айтқанда, цемент Шымкенттен, әк Қарағанды мен Тараздан болса, құм жергілікті шикізат. Қазір Алматы облысының облыс орталығы Қонаев үлкейіп, жанадан Алатау қаласы салынып жатыр. Біздің осыған орай қазіргі қуатпен газоблоктарымыздың өндірісін 2 есе ұлғайтуға мүмкіндігіміз бар», – деген «Бент фирмасы» ЖШС-нің өндіріс жөніндегі вице-президенті С. Күзембаев құрылыс саласында қолданылатын отандық материалдардың әлеуеті өте зор. Оны елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тиімді пайдалану қажет.

Бұл жұмыс орындарын көбейтіп қана қоймай, мамандарды дайындау, олардың біліктілігін арттыруды кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Мәселен, «БЕНТ фирмасы» ЖШС оқу орталығы жастарды оқытып, өндіріс орнындағы ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруға өзінің зор үлесін қосуда.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• КОНФЕРЕНЦИЯ

ТАУ АЛЫСТАҒАН САЙЫН БИІКТЕЙДІ



Ұлы Отан соғысында қазақстандықтар жаумен батыл соғысып, ерлік пен патриотизмнің ғажайып үлгісін көрсетті. Бес жүзден астам адам Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Олардың ішінде ерекше қаһарманымыз Рақымжан Қошқарбаев та бар. Ол Берлинде жеңіс туын тіккен қазақ. 1988 жылы дүниеден озды. «Халық қаһарманы» атағы оған 2001 жылы ғана берілді. Биыл батырымыздың туғанына 100 жыл толып отыр.

Қарағанды академиясы Жеңістің 80 жылдығына, Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына және Республика күніне орай «Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі кезеңдегі заң мен тәртіп» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Оған «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Б.Алтынбеков, Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Л.Төкенқызы, әскери қайраткерлер, ауған жедел жасақ командирі, өйгілі «Қара майор» атанған Керімбаевтың қаруласы, запастағы полиция полковнигі А.Жантасов, Таулы Қарабақ әскери қақтығысына қатысқандар қоғамының төрағасы Н.Омаров қатысты.

Шараның басты мақсаты – Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігін дәріптеу, сол арқылы жастарды отаншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, шығармашылық ізденіске баулу болды. Сонымен бірге

конференцияға шетелдік және отандық ғалымдар, ардагерлер, қоғам белсенділері, ЖОО студенттері, жалпы орта білім беру мекемелерінің оқушылары белсене қатысты. ZOOM платформасы арқылы онлайн түрде республика бойынша полиция департаменттерінің өкілдері қосылып отырды.

Осы орайда айтарымыз, қай кезде де елдің ықыласына бөленіп, адамға, жерге қызмет етудің ерен үлгісін көрсетіп өткен, ғұмыры мен қызметін ұрпағы үлгі тұтып, қым-қуыт мынау дүниеде олардың адастырмас темірқазығына, рухани байлығына айналатын тұлғаларымыз бар. Ақиқатында бүгінгі тұлпар мінез жас қазақтың намысын қамшылап, арқаландырып, арынды да қарымды, шабысты да табысты, қажырлы да қайратты асқар армандарға жетелейтін де, жол сілтейтін де сондай тұлғалар. Олар кешегі күннің аласапыранынан сүрінбей өтті, ерліктің өзіне айналды. Биыл туғанына жүз жыл толып отырған Рақымжан

Қошқарбаев сондай тұлға еді. Тау алыстаған сайын биіктеп, тұлғалана түседі деген тұғыры мықты, тұжырымды сөз бар. Бұл жай ғана айтыла салған сөз емес, оның түпкі орамында ғұмыры үлгі болған азаматтар туралы әспетті ой жатыр. Қатысушылар конференция барысында Рақымжан Қошқарбаевтың өмірі мен ерлігі туралы айта келе ерлік пен абырой, міндет пен парыз туралы сөз қозғады.

«Ер – елдің айнасы» демекші, елімізде білектің күшімен, найзаның ұшымен елін қорғап қалған батыр ата-бабаларымыздың ерлік істері бүгінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай. «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы», – деп өткен ерлердің есімі еш уақытта ұмытылмай, ұрпақтан-ұрпаққа жететіні ақиқат.

Осы ретте оқырманға тұңғыш қазақ милициясын құру керек деп ұран тастаған алғашқы заң магистрі, алаш-ордашыл Жақып Ақбаев екенін айта кету артық емес. Сондай-ақ, қазақ әдебиетінің классиктері Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов милицияда – ЧОН-да қызмет атқарған, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы да қызметін милиция қатарында бастаған. Өзіміздің өңірдегі Қарқаралының тумасы Уғар Жәнібеков милиция мектебінің басшысы болған. Қазақ руханиятымен ішкі істер органдары осылай етене қабысып, тереңнен тамыр тартып жатыр.

Тәртіп сақшыларына халық тарапынан қойылатын талап жоғары. Көпшілік полиция қызметкерлерінде Сүлейменнің ақылы, Дәуіттің ерлігі, Тонкөктің даналығы, Күлтегіннің ерлігі, Салқам Жәңгірдің стратегиялық көрегендігі болуы керек деп санайды. Егер оның бойынан осы қасиеттер табылса, жақсы полицей болғаны. Олардан әрі Қасым ханның заңгерлігін, Есім ханның ұстанымын, Кеңесарының жүректілігі мен тәуекелшілдігін, Абайдың даналығын қажет етсе, несі айып.

Қорытындылай айтқанда, соғыс жағдайында, соғыстан кейін де ИМ органдарының басты міндеті қысқа уақыт ішінде қылмыстың санын азайту және сол арқылы қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті нығайту болып саналды. Біздің батырлар сол үдеден шыға білді де.

Санжар АДИЛОВ,
Қазақстан Республикасы ИМ
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясының бастығы, полиция
генерал-майоры,
заң ғылымдарының кандидаты

• ПІКІР

СЪЕЗДЕН KEЙІНГІ СЕРПІЛІС

Жақында Қазақстан Республикасы судьяларының кезекті ІХ съезі өтті. Осынау алқалы бас қосуға 500-ден астам адам, оның ішінде 188 делегат, Парламент депутаттары, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының басшылары, түрлі халықаралық ұйым сарапшылары қатысты. Солармен бірге Атырау облысы судьялары делегациясы құрамында доғарыстағы, ардагер судья ретінде менің де съезге қатысқанымды мақтаным тұтамын.

Судьялар өміріндегі осынау айтулы оқиғаға Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысып, сөз сөйлеуі бәріміз үшін үлкен мәртебе. Мемлекет басшысы өз сөзінде төрт жылда бір рет өтетін съездің маңыздылығын атап өтіп, судьялардың құқық үстемдігінің заңдылығын қамтамасыз ету, әділ сот төрелігін жүзеге асыру, ел азаматтарының құқығын қорғау жөніндегі жауапты міндеттеріне жан-жақты тоқталды. Президент сөйлеген сөзінде сот төрелігінің әділ және заңды жүзеге асырылуына мемлекет те, бүкіл қоғам да мүдделі екенін атап өтті. Мемлекет басшысы сот жүйесін реформалау саласында айтарлықтай ілгерілеу болу үшін судьялардың кәсібилігіне, сот төрелігі мен сот ісін басқарудың сапасына негізделген түбегейлі жана тәсілдерге бет бұру керектігіне айрықша назар аударды. Сонымен бірге Президент сот үрдістерін онтайландыру және дауларды шешу барысында бітімгершілік, татуласу тетіктерін енгізу мәселесін де тілге тиек етті. Атап айтқанда, үш кассациялық – азаматтық, әкімшілік, қылмыстық соттардың құрылып, жұмыс жасауы уақыт талабынан туындап отырғанына тоқталды. Алдағы жылдан бастап іске кірісетін бұл соттар Жоғарғы Соттың ауыртпалығын анағұрлым жеңілдетіп, сот шешімдерін жергілікті жерде сөзбұйдаға салмай, нақты, әділ шешуге мүмкіндік береді.

Жоғарғы Сотының төрағасы А.Мерғалиев съезд делегаттары мен шақырылған қонақтарға екі съезд аралығында сот саласы бойынша қол жеткен жетістіктерді атап өтіп, судьялар қауымдастығының алдында тұрған асқаралы міндеттерді көрсетті. «Қазіргі кезде еліміз бойынша халықтың

сотқа деген сенімі 55 пайыздан 61 пайызға өскені сот төрелігін жүзеге асыруда судьяларымыздың әділдіктің жолынан ауытқымай келе жатқанын көрсетеді» деді Жоғарғы Сот төрағасы. Республика Жоғарғы Соты төрағасының сөзінен кейін сот төрелігінің тиімділігі жөніндегі Еуропалық комиссияның (СЕРЕУ) президенті Ф.Депаскуале, Халықаралық сот әкімшілігі қауымдастығының президенті Л.Пальма, Астана қаласы ЕҚЫҰ бағдарламасы кеңсесінің басшысы Ф.Фроберт съезд жұмысын жоғары бағалап, ізгі тілектерін білдірді. Съезде сөз алған делегаттар сот практикасының маңызды аспектілері, республика тұрғындарының сот органдарына сенімін нығайту, сот билігінің ашықтығын, қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, оны әрі қарай дамыту туралы көкейлерінде жинақталған ойларын ортаға салды. Жарыссөзге қатысқан басқа да делегаттар съезд мінберінде талқыланған алуан түрлі мәселелер – сот жүйесінің қызметі, сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету және судьялардың мінез-құлқының кәсіби және этикалық нормасын сақтау туралы нақты ұсыныс-пікірлерін ортаға салып, әлеуметтік резонанс туғызатын істерді онлайн режимінде қарау тараптардың сотқа деген сенімін жоғарылатып, жұмсалатын шығынды анағұрлым азайтқанын, сот өндірісіне жана технология жетістіктері батыл енгізілгенін атап өтті.

Судья қызметтік міндеттерін атқару кезінде әріптестер, қызметкерлер мен сотқа келушілер арасында заңдар мен әдеп нормаларын сақтауға, кеңесшілік пен қағазбастылыққа жол бермеуге, сол арқылы қоғамның сот билігіне деген сенімін нығайтуға ықпал етуге міндетті. Судья сот төрелігін



Гүлнар НҰРЖІГІТОВА,
доғарыстағы судья

іске асыру барысында заң үстемдігін, әділдік пен сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, кез келген бөгде ықпалдың жолын кесуге, қауіп-қатерлерге, қысым мен заңсыз әсер етуге, кімнің болса да сот процесіне тікелей немесе жанама араласуына қарсы тұруы тиіс. Сонымен қатар, судья қоғамда да әдеп нормаларын сақтап, жұртшылықтың алдында өзінің қадір-қасиеті мен жалпы сот жүйесінің беделіне нұқсан келтіретін барлық әрекеттерден сақ болуы қажет.

Осы кезге дейін судьялардың тоғыз съезі өтті. Бұл басқосуларда республика сот жүйесінің халықаралық талаптарға сай болып, судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігін нығайтуға, соттардың материалдық-техникалық базаларын жақсартуға, сот ісінде жариялылық пен ашықтыққа кең жол ашуға, тараптардың тең құқықтығын қамтамасыз етуге ұдайы көңіл бөлініп отырды. Доғарыстағы судья ретінде «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» заңға сәйкес судьяларға, доғарыстағы судьяларға медициналық қызмет көрсету сапасын жоғарылату және доғарыстағы судьялар үшін жылына бір рет жақсы клиникада тегін медициналық тексеруді ұйымдастыру мәселелері шешілсе екен деп ойлаймын.

Қорыта келе айтарым, съезден кейінгі серпіліс барлық судьялар қауымдастығына үлкен күш-жігер берді. Сондықтан да съезд шешімдері толық жүзеге асатынына сенімдемін.

АТЫРАУ ҚАЛАСЫ

• КӨКЕЙКЕСТІ

Әрбір баланың отбасында тұрып, тәрбиеленуге құқығы бар. Отбасылық тәрбие көмелеттік жасқа толмаған баланы тәрбиелеудің ең басты тетігі, сондықтан да оған айрықша маңыз беріледі. Баланың өз ата-анасының жанында және өзге де туысқандарымен тұруға, олармен қарым-қатынас жасауға қақысы бар. Неке бұзылған кезде бала көбінесе ана-сының жанында қалып, сонымен бірге тұрады, ал әкесімен, әдетте, демалыс күндері жолығып тұрады. Ажырасу әке мен бала арасындағы қатынасқа теріс әсер етпеуі керек.

АЖЫРАСУ ӘКЕ МЕН БАЛА АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСҚА ТЕРІС ӘСЕР ЕТПЕУІ КЕРЕК

Бірақ сот практикасында баланың әкесімен кездесіп тұруына рұқсат бермейтін аналар жиі кездеседі. Сол сияқты баласын тәрбиелеуге міндетті екенін ұмытып кететін әкелер туралы да сансыз мысал келтіруге болады. Заң ажырасқан ата-аналарға баланы тең тәрбиелеуді міндеттейді. Егер олардың біреуі өз міндетін орындамаса, сот оны орындауға мәжбүрлеуге құқылы.

Мысалы, сот баланың әкесімен кездесу уақытын және орнын белгілейді немесе анасының талабы бойынша әкенің бала тәрбиесімен айналысуын міндеттейді. Бала өз мүддесіне қатысты кез келген отбасылық мәселелерді шешкенде өз ой-пікірін еркін білдіруге құқылы. Бала 10 жасқа толған соң, оның пікірімен санау маңызды. Баланың құқықтары жөніндегі конвенцияға сәйкес, әрбір баланың өз даралығын сақтауға қақысы бар. Оны даралайтын белгілер – аты, тегі, әкесінің аты. Балаға есім беру ата-анасының келісімімен жасалады. Ата-ананың бала мүддесіне қайшы келетін, оған айналасындағы адамдардың күлкисін келтіретін немесе қолайсыз жағдайға қалдыратын есім қоюына болмайды.

Баланың құқығын қорғауды ата-анасы (асырап алушылар, қорғаншылар, қамқоршылар), қорғаншы және қамқоршы органдар, сот, прокурор жүзеге асыруы тиіс. Заң балаларды әртүрлі қол сұғушылықтан, оның қадір-қасиетін қорлаудан, ата-анасы тарапынан болатын қиянаттардан (ұрып-соғу, қаңғыбастыққа итермелеу) қорғайды. Біздің мемлекетіміз-

де, әдеттегідей, құқығын қорғау үшін қамқоршы органдарға, сотқа жүгіну керек.

Көптеген Еуропа мемлекеттерінде, АҚШ-та, Канадада арнаулы қызметтер жұмыс істейді. Балалар соларға телефон соғып, ата-анасының дөрекі қылық көрсетіп, күш қолданып жәбірлеуі туралы хабарласса, олар тездетіп келіп, шаралар қолданады, ата-анасынан айыппұл алады.

Баланың мүліктік құқығы да бар, ол көбінесе баланың өз ата-аналары мен отбасының өзге де мүшелерінен асырап-бағу үшін қаражат көмегін алуына байланысты. Алимент, зейнетақы мен жәрдемақы ата-анасының атына келіп түседі, бірақ олар қаражатты балаларды асырап-бағуға, білім беруге және тәрбиелеуге жұмсауы керек.

Мемлекет балаларға қамқорлық көрсете отырып, бала туғанда жәрдемақы төлейді, көп балалы отбасыларға барынша көмектесіп отырады. Ата-аналар өздерінің конституциялық міндетін еркімен орындамаған жағдайда, олардан алиментті мәжбүрлеп өндіріп алу да мемлекеттің балалар құқығын қорғауының бір көрінісі болып табылады. Ата-ана баланы тәрбиелей отырып, оны қорғауға міндетті. Әлі жасы жетпегендіктен, қабілеті толық қалыптаспағандықтан, балалар қолдауға зәру.

Нұрсұлтан НҰРЖІГІТОВ,
Түркістан облысы көмелетке
толмағандардың істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының бас маманы,
сот отырысының хатшысы

• ЖОБА

«КӨШПЕЛІ КЕРУЕН» ЗАҢДЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТЕДІ

«Құқығыңды білу міндет» жобасындағы «Көшпелі заң көмегі керуені» ел тұрғындарына тегін заңдық көмек беріп, азаматтардың алғысына бөленіп жүр. Бұл жоба «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы КЕАҚ қолдауымен Ақтөбе облысында 2023 жылдан бері өткізіліп келеді.

2023–2024 жылдар аралығында құқықтық кеңеске жүгінген азаматтарға осы жоба шеңберінде тегін заң көмегі беріліп, өтініш және шағымдарын тиісті мекемелерге жолдауға көмек берілді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, азаматтар тарапынан ең көп өтінім тұрғын үй және жер қатынастары, несиеңі төлей алмау, сот ісін жүргізу және алименттерді өндіріп алу, жеке кәсіпкерлерге әкімшілік кедергілерді жою және денсаулық сақтау салаларынан түскен.

Жобаның негізгі мақсаты азаматтардың, әсіресе, халықтың осал топтарына: аз қамтылғандарға, көп балалы отбасыларға, жалғызбасты аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар, шағын және орта бизнес өкілдері, студенттер және басқа да көптеген азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және тегін заңгерлік көмек көрсету.

Бастама шеңберінде өзі қойған сауалдарға ұғынықты заңдық кеңес алған жобаның халық үшін маңызды екенін алға тартты. «Әкімшілік сайтында хабарлама жазылып тұр екен. Заңгерлер тегін кеңес береді дегенді көріп, арнайы келген едім. Бір кісіден қарыз ақшамды ала алмай жүрмін. Сот орындаушылардың күші келмей жатыр. Мен ары қарай не істеймін, қалай қарызымды өндіремін деген мәселемен жоба ұйымдастырушыларына жолықтым. Заңгерлер көмегін беріп жатыр. Кеңесіне қанағаттандым, жақсы, өте дұрыс. Осындай кеңестер көп болса, мәселесін шеше алмай жүрген халыққа үлкен қолдау болар еді. Жалпы, қиналған жандарға осы кісілердің жәрдемі тиеді деп ойлаймын» деп Меделбек Мухитов өз пікірін білдірді.

Сағат ДЖАНАЛИЕВ,
«Құқығыңды білу міндет» жобасының жетекшісі



• МИНБЕР

ДАРА БИ мен БАЛА БИЛЕР САБАҚТАСТЫҒЫНАН ҰЛАҒАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осылайша, әжептәуір ысылып қалған бала билер, ендігіде үлкен билікке батыл араласып кететін болған екен. Әрине, халық ішіндегі билік ету ісіне талап өте жоғары болған, сын-шыл жұртымыз, «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан үздіктерге ғана жол берген. Сондықтан сол, елдің сарабынан сүзіліп шығып, бәйгеден озып келген, оқшау биіктен танылған билерге күмән келтіру, кейде, кездейсоқтыққа балау, әлдеқалай сәттіліктің жемісі деуіміз тым ұшқарылық болар еді. Бала билеріміздің бірден жарқ етіп, танылуына да байыптай үңілсек, осындай зерделі сарапшылдықтың іздерін байқар едік. Өйткені, байыпты қариясын сөйлетіп, ауызы дуалы ақсақалын алға ұстап отыратын жұртымыз, тым шикі, бозөкпе баланы сайратып, билік тізгінін ұстатып қоюға құмар болмасы анық. Ал, сол шикіөкпе дегені бірден тұлпар шабысын аңдатса, көптің ішінен суырылып шығып, қарсы келгендерді уәжден сүріндіріп, кәрі-жасты тегіс тамсандырып, мойындатса, қанжардай қақ жарып, әділеттің сөзін айтса, сөз сайысындағы талай жүйрікті беттетпей, арындаса қайтер едіңіз?!

Біздің ойымызша, қазақтан өткен сыншыл һәм міншіл, асқан талғампаз, сарапшыл жұртты табу қиын. Бала билдің даралануында сөз таныған зерделі халықтың бітім-болмысы бар. Төтелей тартсақ, бұл – асқан дарындылықтың, оқшау қабілеттің нышаны, сирек сұңғылалық белгісі, сол тай кезінде танылған үздік қасиетті бағаламау, тобықтан қағып, сүріндіру – болашағы зор өреннің талабын тар өріспен тұн-шықтырғандық болар еді, өрелі жұрт ондай келеңсіздікке жол бермес еді. Қазақты «дана халық» деп пайымдау-шылық та осы, адам баласын жасына емес, жарып шығар жүйріктігіне, сакалына емес, сана-сезіміне, үлкендігіне емес, үлгі-өнегесіне қарап бағалайтындығынан болса керек. «Асыл – тастан, ақыл – жастан», «жас келсе – іске, кәрі келсе – асқа», «қой асығы деменіз – қолыңа жақса сақа қой» деген көптеген мақал-мәтелдеріміз халықтың осындай талғампаздығының дәлелі.

Осылайша, билер институтының тәлім-тәрбиелік бағытының ықпалы, жас ұрпақ бойына қабырғасы шпін-шикі балаң жастан қалыптасып, өрістей бастауы арналы ағысты жұрттың тағылымын танытпай ма?!

Адамзаттың асылы болған Мұхаммед с.ә.с. пайғамбарымыз: «сөзді, яғни, айтар кеңесінді әрбір адамның ақыл деңгейіне қарай сөйле» депті. Кемел ойлы пайғамбарымыздың бұл сөзі халқымыздың жоғарыда айтылған даналық тағылымдарымен ұштасып жатқандығын байқауға болады. Таң қалдыратыны сол, қасиетті құран сөздерінің, хадистердің, шарият ұстанымдарының жұртымыздың ежелгі тәрбиелік бағыттарымен сәтті үйлесетіндігі. Әрине, тарихтан тағылым іздесек, ғасыр қойнауларынан сыр тартып, байыптай зер салсақ, сол көне дәуірлердің өзінде, ата-бабаларымыз мұсылман дінін жат көрмей, тез бауыр басып кетіп еді...

Ұлы ақынымыз Мағжан Жұмабаев жас ұрпақ тәрбиесіне қатысты талай ұлағатты ойлар қалдырған педагог-ғалым ретінде де белгілі, сол кісі «Пе-



Досжан ƏМІР,
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы, ҚР Судьялар одағының төрағасы

дагогика» еңбегінде: «...Балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек. Жас бала бір жас шыбық, жас күнінде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде, сол жас күйде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың. «Баланы бастан» деген сөздің мәнісі осы». Өзінің саналы ғұмырында, ұлтының ұлағатын қасиет тұтып, өнегесін жаюмен өткен, сол үшін де зорлықшыл саясаттан қыянат шеккен кемеңгер алаш арысының артында қалған асыл мұраларын ардақтай білу – парызымыз. Билер ұлағатының халықтық тәлім-тәрбие көздерімен орайласып келуі, ұлттық педагогикамен астасып жатуында ғажайып сабақтастық жатқандай.

Ұлттық құндылықтарымыздың тамыры тереңнен тартылып, өрілетіндігіне, әсіресе, жас ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлгендігіне, ежелгі дәуір даналарымыздан да көптеген мысалдар келтіруге болар еді. Сол кемеңгер бабаларымыздың бірі емес, бірегейі дерлік данышпан ақын, атақты ұлағат дастаны «Құтты біліктің» авторы Жүсіп Баласағұнның мына бір тағылымдық жолдары айтар ойымызды айғақтап, өрістендіре түсетіндей: «Бәрі анадан ізгі болып туғандар, сүтпен сініп, жан жүйесін қуғандар. Жақсыға ерсе, бала ізгілікке бастайды, жаманға ерсе, жауыздықтан қашпайды».

Иә, асыл ойлы, кемеңгер бабамыз айтқандай, қазақ баласы үшін, «жақсыға еру», үлгі-өнеге тоқып өсу – ұлы мұрат болған. Бұл- ұлы далада көне дәуірлерден қалыптасқан заңдылық деп қабылдаймыз және осы мүдделерді бүгінгі күнмен ұштастыруды мақсат тұтамыз. Көңіл сарабымызға салсақ, осындай тәлімі зор тәрбиелік мектебімізден бала билердің өсіп шығып,

билер институтының негізі қалануы жолдарынан, дараланған дана билеріміздің бой көрсетуінің осындай табиғи заңдылық өрісінен өнеге алғаны дұрыс болмас па еді?!

Ал енді, дәл осы, ежелден қанат жайып келген билер институтының ғажайып ұлағатқа толы өнегесін қазіргі заман ыңғайына қарай өрбітіп, неге пайдалануымызға болмайды?! Мұндағы айтпақ ойымыз, қазіргі жас заңгерлер, судьялар, бұрынғыдай бала билер сияқты ел адақтамай-ақ қойсын, тәжірибелі, сақа, аға заңгерлерге көмекшілікпен ере жүріп, ширап, істің барысын үйреніп, ысылып, дайын сот қызметкеріне, байыпты судья немесе әбден қанаттанған, шыңдалған заңгерге айналып шыға келмес пе еді?!

Осыған байланысты, «Сот және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 29-бабына сәйкес аудандық соттың судьясы болып, отыз жасқа толған, жоғары заң білімі, жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттері, мінсіз беделі және заңгерлік кәсібі бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар, біліктілік емтиханын тапсырған (Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясында оқу бітірген және біліктілік емтиханын тапсырған адам оқуын бітірген күннен бастап төрт жыл бойы емтихан тапсырудан босатылады), сотта ақы төленетін тағылымдамадан ойдағыдай өткен және тағылымдама қорытындысы бойынша соттың жалпы отырысының оң қорытындысын алған (Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясында оқу бітірген және біліктілік емтиханын тапсырған адам оқуын бітірген күннен бастап төрт жыл бойы тағылымдамадан өтуден босатылады), «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі ту-

ралы» заңда көзделген жағдайларда полиграфологиялық зерттеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматы тағайындала алады.

Міне, осы заң баптарында көрсетілген аралық кезеңдерде қызметке тартылған жас мамандарды тәжірибелі аға буын судья-заңгерлердің жанына көмекшілікке қосып беру, қай жағынан болсын, тиімді болуға тиіс.

Яғни, судьяға көмекші беру институтын енгізу арқылы жас заңгерлердің кәсіби дағдыларын дамытуға, сот жүйесінің практикасын тереңірек түсінуге және өздерінің қызметтік қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік береді. Аға буын өкілдері өздерінің мол тәжірибесімен бөлісіп, жас мамандарды бағыттап, оларға құқықтық нормаларды қолданудағы қыр сырларын үйретеді.

Нәтижесінде, жастар заңды тереңірек меңгеріп, сот саласында білікті, жауапты маман болып қалыптасады. Бұл жүйе сот әділдігін нығайтуға, заң қызметкерлерінің кәсібилігін арттыруға, сот жүйесінің сапасына және заңгерлік тәжірибиеде жоғары стандарттарды қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Сондықтан, жас мамандардың аға заңгерлермен, судьялармен тәжірибе алмасуы – кәсіби жетістіктерге жетудің бірден-бір тиімді жолы деуге болады емес пе?

Судьялардың жетіспеушілігі үлкен мәселеге айналғалы қашан

«Айғайлай-айғайлай қасқырдан да ұят болды» дегендей, аса ұятты қойшының кебін киіп, кейде, айтылып келе жатқан мәселелерден сыпайыгершілікпен тартынып қалатынымыз болмаса, бұл бадырайып көрініп тұрған жағдайға ел заңының тұғырының жоғары тұруын көздейтін әрбір саналы қоғам мүшесі салғырт, не болмаса, немқұрайлы көзқараспен қарауы мүмкін емес. Бір кездері Жоғарғы Сот Кеңесі де осы судьялар тапшылығы туралы атап көрсетті: «Академияны аяқтаған түлектердің барлығы судьялардың бос орнынан жарияланған конкурстарға қатыса бермейді. Академия құрылғаннан бері 284 түлектің 214-і ғана сот болып тағайындалады. Ал олардың оқуына мемлекеттің қаражаты жұмсалып отыр. Қазіргі уақытта республика бойынша 350-ден аса сот орны бос. Бұл өзгерістер сол бос орындарды қажетті кадрлармен толықтыруға мүмкіндік береді деп ойлаймыз» делінді.

Ал енді, осыншама жетіспеушілікке, зәрулікке ұшырап отырған сот салаларының жұмыстарынан ақау іздеп табуға тырысушылық жағдайды толық барлап, бақылаушылықтың осалдығынан немесе жауырды жаба тоқыған жайбарақаттығымыздан туындайды демеске тағы амалымыз жоқ. Әрнәрсені өз атымен атауымыз керек шығар.

Судьялардың жетіспеушілігі мәселесі қазіргі кезде сот жүйесінің тиімділігіне әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Бұл мәселе сот процестерінің ұзаққа созылуына, істің қаралу уақытын арттыруға, сот жүйесінің жалпы жүктемесінің өсуіне алып келеді. Судьялардың жетіспеушілігінің негізгі себептері келесідей болуы мүмкін:

Құқықтық даулардың көбеюі: Қазіргі таңда экономикалық дамудың артуы қоғамда құқықтық даулардың өсуіне алып келді. Соңғы уақыттардағы экономикалық және әлеуметтік қатынастардың күрделенуі сот жүйесіне үлкен жүктеме түсірді.

Халықтың өсуі: қалалардың және халықтың өсуі құқықтық жүйеге жүктемені арттырды. Халық санының көбеюімен бірге сотта қаралатын істердің де саны артып, бұл судьялардың тапшылығын тудырды.

Қызметтің тартымдылығы: судья болу жұмысы жоғары жауапкершілікті талап етеді және үлкен тәуекелділікті туындататындықтан көп заңгерлер судья лауазымына келуге жүрексінеді. Бұл жағдай, әсіресе, жалақының жеткіліксіздігі немесе жұмыс жүктемесінің ауырлығы сияқты факторларға байланысты туындауы мүмкін.

Құқықтық реформалар: соңғы кездерде құқықтық реформалардың жүргізілуі және жаңа заңдардың қабылдануы да сот жүйесіне қосымша жүктеме әкелді. Бұл реформалар соттарға жаңа міндеттер мен процестерді жүктеп, судьялар санының артуына деген қажеттілікті күшейтті.

Кәсіби кадрлардың жетіспеушілігі: судьяларды дайындау ұзақ уақыт пен арнайы талаптарды қажет ететін процесс. Қазіргі таңда құқықтық білім беру жүйесінің даму деңгейі қажетті кадрларды жеткілікті түрде дайындауға мүмкіндік бермейтіндігін байқауға болады.

Әрине, бұл орайда, кей кейде, өткен замандарымызға жүгініп, қисынына қарай, бұрынғылардың тәжірибесіне арқа сүйеп жататынымыз болмай қалмайды. Ол жолдардан кешегі мен бүгінгіні ұштастыру, сабақтастық дәстүрін іздейміз. Яғни, халқымыздың, заманы басқа ескі дәуірдегі билер институтында қалыптасып, ұзақ ғасырлар бойы, ұлтымызға қызмет етіп келген ұлағатты дәстүрін сол қалпында көшіре салғымыз келіп отырған жоқ. Түсінікті жағдай, «әр заманның өз сұрқылтайы бар» демекші, қазіргі кезеңнің талабы басқа, соған сай етіп, бұрынғы мен бүгінгіні ұштастырып, жатқаннан ұтпасақ, ұтылмасымыз анық. Сондықтан, алдыңғы мезгілдерде, әр уақытта қозғап келген мәселені жаңғыртып, аса жауапты ауыр жүктерді мойындарына алып жүрген заңгер-судьялардың жұмыстарын жеңілдетіп, көмекшілікке жас мамандарымызды қосып беру – заман талабы деп ұғамыз. Мұның өте тиімділігіне, әр қырынан келіп, жоғарыда әркімнің жетесіне жетердей жеткілікті сіңіруге күш салып, байыптап, түсіндіре алдық деп ойлаймын.

Билер институтының тағылымдарына зер сала қарап отырсақ, бүгінгі күндері біз өнеге тұтар көп қырларын аңдаумен келеміз. Өттең, соны іске асырарға келгенде, яғни қолымыз қысқа, не болмаса, үніміз жетер жеріне жетпей қалып жататыны өкінішті. Қалай болғанда да, бізде пайдалы істі кәдеге жаратар жерде шешімталдық, бірауыздылық жетіспейді. Бағяының от тілді, орақ ауызды билері бала билерді көкбөріше ертіп жүріп баулыпты, ауыздандырып тәрбиелепті деп тамсанып, оған ағыл-тегіл мысалдар келтіреміз, ал енді сол ұтымдылық пен озық дәстүрді қазіргі заманымызға сай кылып, неге кәдеге асырмасқа. Әрине, қазіргі соттарда бұрынғының билеріндей, көсілген көсемдік, арындаған алымдылық, қылыштай қиып түсер өткірлік жоқ, бүгінгінің биі дерлік қазы-судьялар, жалпы заңгерлерде, не білім жағы ақап жатады, не болмаса, тәжірибе жетіспей жатады.

Қысқаша түйіндей айтсақ, сот пен заң саласына, сол саланың қыр-сырын терең меңгерген білікті мамандарды тарту – заманның талабы. Бұл мәселені уақытында әрі тиімді шешу, тек сол саланың мамандары мен жүйеге ғана емес, қоғамның тұрақтылығы мен әділеттілігіне тікелей әсер етеді. Заңның ұтымды жақтарын дұрыс бағамдап, оны қоғам игілігі үшін пайдалану – біздің саналы таңдауымыз болуға тиіс. Бастысы, тыңдай білетін құлақ пен іске асыратын ниет болса, барлық қиындықтар өз шешімін табары анық. Қоғам мен заң жүйесінің дамуы осындай жауапкершілікті қадамдарға тәуелді.

пен сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуі тиіс және қызметтік іс-әрекетті жүзеге асыру барысында заңды ұстануға және кез келген бөгде ықпалдың жолын кесуге, қауіп-қатерлерге, қысым мен заңсыз әсер етуге, сот процесіне тікелей немесе жанама араласуына қарсы тұруы керек.

Демек еліміздегі судьяларға қойылатын талаптың жоғары екені көрініп тұр. Яғни, судьяларға көпшілік алдында көркем мінезімен, биік парасатымен және адалдығы, шыншылдығы, әділдігі, бейтараптылығы, тәуелсіздігімен халыққа үлгі болу міндет. Съезде сот жұмысын жандандырып, азаматтарымыздың сотқа деген сенімін нығайта түсетін бастамалар талқыға түсті.

Б.КАРЫБАЕВ,
Амангелді аудандық сотының төрағасы
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

• ПАЙЫМ

Астана қаласында өткен Қазақстан Судьялар одағының кезекті ІХ съезінде сот билігінің беделін нығайта отырып, кәсіпқойлықты арттыру, судьялардың әдеп нормалары стандарттарын сақтауы арқылы қоғамның сот төрелігіне орнықты сенімін қалыптастыру; қызметтік және қызметтен тыс іс-әрекеттерде әдеп нормаларын сақтау мәселелері сөз болды. Судья әдеби кодексі қабылданды.

Бұл өз кезегінде осы Судья әдеби кодексінің реттеу нысанасы судьялар қоғамдастығының

ӘДІЛ ШЕШІМ, БЕЙТАРАП КӨЗҚАРАС – СЕНІМ КЕПІЛІ

қызметтік және қызметтен тыс іс-әрекеттерде әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді. Судья әдеби кодексі Қазақстанның судьялар қоғамдастығының ресми актісі бола отырып, ҚР Конституциясының, Конституциялық заңының және өзге де заңнамасының нормаларында, сондай-ақ сот төрелігі және судьялар қоғамдастығы туралы халықаралық актілердің ережелерінде баяндалған талаптарда негізделген қызметтік және қызметтен тыс іс-әрекеттерді жүзеге асыру барысында әрбір судья үшін міндетті әдеп нормаларын белгілейді.

Судьяның беделі – судьяның адалдығына,

шыншылдығына, әділдігіне, бейтараптылығына, тәуелсіздігіне қоғамда сенімділік қалыптастыру қажет. Сонымен қатар, судьяның қоғамдағы мінез-құлқы соттың шыншылдығына, объективтілігіне және тәуелсіздігіне қоғамның сенімділігін арттыруға ықпал етуі тиіс.

Судья қызметтік міндеттерін атқару кезінде әріптестер, қызметкерлер мен сотқа келушілер арасында заңдар мен әдеп нормаларын сақтауға, кеңесшілік пен қағазбастылыққа жол бермеуге, сол арқылы қоғамның сот билігіне деген сенімін нығайтуға ықпал етуге міндетті. Сот төрелігін іске асыру барысында заң үстемдігін, әділдік

• ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Мемлекет сан түрлі мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен қоғам арасында патерналистік көңіл-күй мен масылдықты төмендету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Түрлі әлеуметтік бағдарламалар арқылы жүзеге асырылатын ауқымды істер Шымкент қаласында да аса үлкен қарқынмен жүзеге асырылуда. Жоғарыдағы түйткілді мәселеде Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының жүргізген жұмыстарын біліп, өзекті мәселеде қандай нақты қадамдар жасағанын анықтау мақсатында басқарма басшысы Жанат Өмірсейітқызын әңгімеге тартқан едік.

«ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ҚОҒАМДАҒЫ МАСЫЛДЫҚ КӨҢІЛ-КҮЙДІ АЗАЙТАДЫ»



– Қоғамда патерналистік көзқарас пен масылдықты төмендету бағытында түрлі шаралардың жүзеге асырылатыны рас. Бұл орайда басқармамен бірінші кезекте қандай әрекеттер жүргізіледі?

– Әрине, бірінші кезекте қоғамда масылдықты төмендету үшін жұмыспен қамтуға баса назар аударылады. Оның ішінде екі қолға бір күрек таппай жүрген азаматтарды қайта оқыту арқылы өзінің кәсібін ашуына мол мүмкіндік беріледі. Мәселен, Шымкент қаласында «Бастау бизнес» жобасы шеңберінде оқытудан кейін жеке ісін ашу үлкен қарқынмен жүзеге асып келеді. Оқыту жоспарына сәйкес тек биылдың өзінде ғана «Enbek.kz» электронды портал арқылы 3240 адам оқуға тіркеліп, соның 2510-ы оқуды аяқтаса 482 адам өзінің жеке ісін ашып үлгерді. Бұл орайда субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастырғаннан кейін тұрақты жұмысқа қабылданған адамдардың үлесі де біршама ұлғайғанын атап өткен жөн. Мемлекеттен субсидияланатын жұмыс орындарына 6 мыңнан астам адам жолданып оның ішінде үш мыңнан астам адам жұмысын аяқтаса, 508 адам тұрақты жұмысқа орналасты.

Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға бірқатар іргелі кәсіпорындар да қатысып отыр. Олардың құрамындағы жеке сектордың үлесі де ұлғайып келеді. Қазіргі уақытта дейін 7410 жұмыс беруші қатысса оның ішінде 7148-і жеке кәсіпорындар болғанын атап өткен жөн.

– Бұл мәселеде мемлекеттік бағдарламалар көмегімен қайта оқыту қаншалықты нәтижелі болып жатыр? Бұл осыған дейін жұмыс істе-

меген адамдардың екі қолға бір күрек табуына көмектесе алды ма?

– Иә, айтуыңыз өте орынды. Қысқармерзімді қайта оқыту жұмыссыздықтың деңгейін төмендетіп, халықтың жұмысқа бейімделуіне өзінің осыған дейін өзі де сезініп көрмеген жаңа қарым-қабілеттерінің ашылуына жол ашып отыр. Жұмыссыз қалған адамдардың негізгі базалық білімінен бөлек кәсіптік оқыту арқылы қазіргі таңда аса тапшы болып отырған, яғни бірден жұмыс орнын табуына мүмкіндік беретін оқытулар жүзеге асырылуда. Тек биылдың өзінде Шымкентте 1110 адамды кәсібі оқыту жоспарланған. Жүргізілген жүйелі әрекеттердің нәтижесінде 333 адам кәсібі оқыту арқылы тұрақты жұмысқа қол жеткізді. Бұл орайда жұмыс беруші компаниялардың өздерінің арнайы сұратуы бойынша да оқу орындарында жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға баса назар аударылғанын атап өткен жөн. Жеке компаниялар кадр тапшылығын төмендету мақсатында жұмыссыз жүрген 910 адамды кәсіптік қайта оқытып шығарды. Бүгінде біздің алдымызда 10 мың халыққа 100 жаңа жұмыс орнын құру жоспары тұр. Жалпы, Шымкент қаласында 23 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құру жоспарланған. Қазіргі уақытта аталған жоспар 60 пайызға орындалып отыр.

– Жұмыссыз адамдарды қоғам өміріне тартып, тұрақты жұмыспен қамтуда арнайы тұжырымдамалар мен мемлекеттік даму бағдарламаларының қандай үлесі бар?

– Шаһарда жүзеге асырылып жатқан арнайы тұжырымдамалар, даму бағдарламаларының көмегімен жаңа жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру

арқылы осыған дейін жүйелі түрде іске асып келеді. Жалпы саны 26 мыңнан астам адамды жұмыспен қамту көзделген. Атап айтқанда, соңғы деректер бойынша 4176 адам кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасымен жұмысқа орналасса, 7453 адам субсидияланатын жұмыс орындарына жолдама алған. Сонымен қатар, 14 мыңнан астам адам бос жұмыс орындарына орналасса, 3 мыңнан астам адам кәсіптік оқытуға жолданған. Осы жылдың бірінші жартысына дейін бағдарламалар негізінде жалпы саны 24 326 адам қатысқаны анықталды. Мемлекеттік тұжырымдамалар мен Шымкент қаласының 2021–2025 жылдарға арналған даму жоспары және жеке бастамалар бойынша биыл 26 мыңнан астам тұрақты жұмыс орындарын құру жоспарланған. Оның ішінде концепциялар бойынша 3140 адам және 23 мыңнан астамын жеке бастамалармен құрылған жұмыс орнымен қамтамасыз ету көзделген. Қазіргі күнге дейін 15 мыңнан астам адам жұмысқа орналасты.

– Масылдықты төмендету мақсатында жүзеге асырылатын мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар бойынша қандай нақты шаралар жүзеге асырылады? Әлеуметтік жәрдем-ақы төлемдері қалай жүргізіледі?

– Әрине, халықтың әлеуметтік жағдайын тұрақтандыру, жан басына шаққанда табысы орташа көрсеткіштен тұрмысы төмен адамдарға әлеуметтік түрлі бағдарламалардың көмегімен атаулы әлеуметтік көмектің тағайындалғаны рас. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты да сол. Табысы аз адамдарға кешенді әлеуметтік көмек көрсетуі де көздейді. Сондай-ақ табысы аз қоғамнан тыс қалған адамдарды жұмыспен қамту оқыту, жастар іс-тәжірибесіне алу, әлеуметтік жұмыс орындары мен грант беруге, тұрақты жұмыс орындарына жолдама беру бойынша жұмыс жүргізіледі. Бір жастан алты жасты қоса алғанда дейінгі балаларға атаулы әлеуметтік көмек тағайындау кезеңінде 7 600 отбасындағы 14 384 балаға төленді. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке және бір жастан алты жасты қоса алғанда дейінгі балаларға қосымша төлемге 2024 жылы барлығы жергілікті бюджет есебінен 7 078,3 млн теңге, оның ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке 6 276,3 млн теңге, бір жастан алты жасты қоса алғанда дейінгі балаларға қосымша төлемге 802,0 млн теңге қарастырылған. 1 қазан жағдайымен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға аз қамтамасыз етілген 8 261 (2023 ж-11 812) отбасыдан 43 075 (2023 ж-59 994) адамға төлем жасалды. Қаламыздағы халықты жұмыспен қамту шараларының нәтижесінде атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылар өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 30,4 пайызға азайып отырғанын атап өткен жөн.

– Әңгімеңізге рақмет. Істеріңізге сәттілік тілейміз!

Майра ҚУАНЫШҚЫЗЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

• СОТ СӨЙЛЕСІН

Қазіргі уақытта сот жүйесінде мемлекеттік тілді қолдану аясы біршама өсіп келеді. Ақтөбе облысының соттарының «Төрелік» ақпараттық жүйесінің статистикалық есебіне сәйкес, 2024 жылдың 9 айында мемлекеттік мекемелер 1395 рет талап қоюмен сотқа жүгінген, оның 605-і мемлекеттік тілде, қаралған бұл 43,4 % құрап отыр.

Азаматтық істер бойынша мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу бойынша 2024 жылдың 9 айында барлығы 14 943 талап қоюлар сотқа түсіп, оның 4241 мемлекеттік тілде қаралған, бұл аяқталған істердің 28 % құрайды. Ал, әкімшілік істер бойынша 2024 жылдың 9 айында барлығы сотқа 951 іс түсіп, оның 172-сі мемлекеттік тілде қаралған, бұл 18 % құрап отыр.

Ақтөбе облысы соттары мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу бойынша барлығы ағымдағы жылдың 9 айында 35021 іс қарап, оның 16998-ін мемлекеттік тілде қараса, бұл қаралған істердің 48,5 % құрағанын көрсетеді.

Сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Сол бір азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқы белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады. Істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарымымен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге құқылы.

Егер істі бірінші сатыдағы сотқа қарауға дайындау барысында талап қоюшының өз өкілі талап қою берген тілді білмейтіні анықталса, онда сот талап қоюшының жазбаша өтінішхаты бойынша сот ісін жүргізу тілін өзгер-

ту туралы ұйғарым шығарады. Іс жүргізіліп отырған тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін іске қатысатын адамдарға аудармашының қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, оларға қажетті іс материалдарының аудармасын тегін қамтамасыз етеді.

Сот практикасынан көрінгендей, азаматтық және әкімшілік істер бойынша құқықтық көмек беретін адвокаттар мен заңгерлер талап қоюды көбіне орыс тілінде әзірлейді. Сотқа келген азаматтардың сот процесі кезінде орыс тілінде ойын еркін жеткізе алмай жататын кездері болады. Заңның сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы талабы түсіндірілсе де, көп жағдайда азаматтар өздерінің бұл құқықтарын қолданбайды, себебі өкілдері істің

ресми тілде жүргізілгенін қалайды. Кәсіби құқықтық көмек көрсетуші заңгерлер сотқа берілетін арызды талап қоюшының өзі жетік меңгерген тілде әзірлесе деген тілек бар.

Екінші мәселе. Әкімшілік істер бойынша жеке және заңды тұлғалар әкімшілік органдарының шешімдеріне немесе әрекеттеріне дау айтады. Біздің сотта салық, кеден, қоршаған ортаны қорғауға байланысты даулар бойынша әкімшілік істер ресми тілде қаралады, себебі мемлекеттік органдар көп жағдайда тексеру, бақылау нәтижелерін ресми тілде рәсімдейді. Қазіргі таңда Еңбек инспекциясы, «Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» ММ-сі, «Ақтөбе облысының жер ресурстарын басқару департаменті» ММ-сі тексеру құжаттарын то-



Ж.СҮЛТАНОВА,
Ақтөбе облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

лық мемлекеттік тілде жүргізеді. Бүгінгі күні азаматтық және әкімшілік істердің мейлінше қа-

КЕН ИГЕРУДЕ КЕНЖЕ ҚАЛДЫҚ ПА?

Қазақстандағы қазба байлық азайып барады. Жер астындағы ең қажетті кеннің қоры аз жылда бітпек. Ал сала мамандары кейінгі жылдары бірде-бір кен орны ашылмағанын айтып отыр. Қ.Сәтбаев атындағы геологиялық ғылымдар институтының жетекші ғылыми қызметкері, академик Ақылбек Жүнісовтің сөзінше, геология саласында сан түрлі мәселе көп.

«Біз кеңес дәуірін айтпай-ақ кейінгі 30 жылдықта болған жайтты қарастырсақ болады. Рас, 2010 жылдары мемлекеттен геологияға аз да болса көңіл бөлініпті. Қаражат қарастырылды. Бірақ бұл жерде отандық компаниялар емес, шетелдіктер жұмыс істеді. Әрі олар кеңес заманында жасалған барлау картасын пайдаланды. Менің ойымша, бұл салаға түбегейлі реформа жасау қажет. Әрі бұл жұмыстарды үлкен қарқынмен жасасақ та оның нәтижесін көруге, яғни, жаңа кен орнын табуға, игеруге кемі 10-15 жыл керек. Шығыны да көп болады. Ең тәуекел ететін тұсы – барлау жүргізген жерімізден біз іздеген қазба байлығы табылмауы да мүмкін», – дейді академик.

Ғалым геологияның бұрыннан бөлек сала екенін айтып отыр. Қазіргі уақытта әр министрлікке қарап келген геологияның дамымай отырғаны да сол. Әрине, бірнеше ғалымдар мен мамандар ұсыныс айтып, жеке құрылым болуын қалағанымен құзырлы орындағылар қозғалар емес.

«Расы сол, геология комитеті осы кезге дейін шамамен 18 түрлі салалық министрліктің қарамағында жүріпті. Біз, ғалымдар да, салаға қатысты сарапшылар да геология өз алдына министрлік не агенттік болып құру керек деп жылда айтамыз. Бұлай жалғасса, алдағы жылдары жағдай тіптен қиындайды. Бір қызығы, біздегі жауаптылардың ойынша, геология – пайдалы қазба байлығын табу қажет. Ал оны табуға дейін атқарылатын қаншама жұмыс процесі бар. Барлау, іздеу, алдын ала зерттеу. Баяғы замандағыдай қолға күрек ұстап жердің бергі қабатынан кен табам деу – таза білместік. Қазіргі Қазақстанның байлығы бірнеше метр жерде жатыр. Ал осыған қаржы керек десек, құзырлы орындар қиналып кетеді. Кенді табу оңайшылықпен келмейтіні түсінбейді. Отандық инвесторлардың бұған шамасы жетпейтіні бірден-ақ белгілі. Ал мейлі шамасы бар делік, бірақ мемлекет барлау жұмысына 3-5 жыл ғана уақыт беріп отыр. Бұл тым аз. Табатын болса осы уақытқа дейін бірнеше кен орнын ашып тастаймыз ба?» дейді ол.

Екінші мәселе – маман тапшылығы. Рас, енді ғана көңіл бөлініп, геологтар жалақысы өскенмен, кейбір тиісті жұмыстар өз дәрежесінде емес. Гранттық жобаларды қолдау, оқу бітірген жас мамандарды қызметке қабылдау әрі тәжірибеден өткізу бір қалыпқа түспегендей. Жалпы геологтарға деген құрметтің әлсіреуі – жастардың мұндай мамандықтарға келуіне көп кедергі болмай ма деген күдікке жетелейді.

Былтыр Мемлекет басшысы өз жолдауында елдегі геологиялық барлауға ерекше назар аудару керектігін айтты. Еліміз табиғи ресурсқа қанша бай болғанымен геологиялық қаналық ашылмағанын сынаған Президент ахуалды дереу өзгерту керектігін мәлімдеген еді. Қайта жаңғыруды талап ететін саланың жұмысын арттыруға жеке инвестициялар тарту керектігін де ашық сөз етті.

«Қазір еліміздің 1,5 миллион шаршы шақырым аумағына геологиялық

және геофизикалық барлау жасалған. Үкіметтің міндеті – 2026 жылға қарай оның көлемін кемінде 2 миллион 200 мыңға жеткізу. «Жаңа заманның мұнайына» айналған жерде сирек кездесетін металл кеніштерін игеру басты бағыттың бірі болуы керек. Өзінің осы саладағы әлеуетін аша алған елдер кешекте бүкіл әлемнің технологиялық даму бағдарын айқындайтын болады», – деді жолдауда Мемлекет басшысы.

Деректерге сүйенсек, Қазақстанда сирек кездесетін қазба байлықтары мол. Бірақ мұны барлау жұмыстары арқылы анықтау қажет. Ал ол жұмыстар бізде тым баяу жүріп жатқанын мақала барысында айттық. Кейбір сарапшылардың сөзіне сенсек, еліміздің жер қойнауында пайдалы қазбаның 90-нан астам түрі сақталған.

Біз біле бермейтін қызық жайт бар. Мысалы, бір кен орнынан мыс таптық делік. Бірақ дәл сол жерден мыспен қатар, алтын, цинк, вольфрам, молибден, т.б да пайдалы қазба байлықты табуға болады екен. Ал бұрын кеңес кезінде тек бір элементті ғана игеріп, қалғаны сол кен орнында қала берген. Демек, қазіргі жоғарғы ғылыми технологияны пайдаланып, бір кен аймағынан бірнеше сирек кездесетін металл түрлерін өңдей аламыз. Оны жасайтын отандық мамандар да бар. Қаражаттан қыспаса, қазба байлыққа қол жеткізуге болады. Ғалымдар осылай дейді.

«Президент тапсырмасы белгілі. Үкімет геологиялық салаға нақты көңіл бөлу қажет. Алдымен қаржыландыруды арттырғаны жөн. Салаға ең бірінші осы қажет. Басқа елдермен салыстырғанда қарайықшы. Мысалы, біздің елдегі геологиялық барлаудың 1 шаршы шақырымына 8-11 доллар ғана қарастырылған. Ал көрші Ресейде 1 шаршы шақырымға 25 доллар бөлінеді екен. Өзбекстанда 98 доллардан асса, Австралияда 167, Канадада 203 доллар қаржы құйып отыр. Мемлекет басшысы айтқандай, геологиялық барлауға жеке инвестицияларды көптеп тарту мәселесі де өзекті. Ол мейлі отандық не шетелдік инвестор болсын, келіп зерттеумен айналысқан соң өндіріске көшіп, сол аймақта геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыра алатынына сенімді болуы керек. Яғни, пайдалы қазба байлығы табылса, оны игеруде де басымдыққа ие болғаны дұрыс», – дейді республикалық тау-кен өндіруші және тау-кен металлургиялық кәсіпорындар қауымдастығы атқарушы директорының кеңесшісі Төлеген Мұханов.

Жалпы, геология саласындағы азды-көпті, әсіресе, барлау жұмыстарын тежеп тұрған бірқатар мәселелерді сөз еттік. Бір белгілісі, пайдалы қазбалардың нормативтік қамтамасыз ету қоры – 45-50 жыл. Ал осыған жету үшін не керек? Әрине, геологтардың тиімді жұмысы ғана елдің болашақта ондаған жылдар бойы тұрақты экономикалық дамуын алға жылжыта бермек. Ал оған қол жеткізуде аталған мәселелердің жылдам шешілгені ел үшін маңызды.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

зақ тілінде қаралуына басымдық беріліп отыр. Аталған көрсеткішті көтеру үшін Ақтөбе облыстық соты барлық мемлекеттік органдарға ескерту хат жолдап, сотқа талап қоюларды тек мемлекеттік тілде жолдауларын сұраған болатын. Бұл шараның нәтиже бермеуіне байланысты жақын арада мемлекеттік органдармен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою жоспарланды.

Қылмыстық істер бойынша 9 айда Ақтөбе облысының соттарына 1152 іс түсіп, соның ішінде 680 істі мемлекеттік тілде қараған, бұл 59 % құрап отыр. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот ісін мемлекеттік тілде жүргізуге сай 2024 жылдың 9 айында соттар 18909 іс қарап, оның 12 301 мемлекеттік тілде қараған, бұл 65 % құрап отыр.

Тіл мәселесі біздің бір күндік немесе бір кезеңдік іс-шарамыз емес, тәуелсіздігіміз тұғырлы болу жолындағы негізгі, басты бағыттардың бірі.

• МЕРЕЙ

ЕЛ ҰЙЫТҚЫСЫ

Әдетте мемлекет негізін құраушы әрі жердің байырғы иесі болып саналатын халықтың тілі мемлекеттік тіл болып бекітіледі. Осы орайда біздің еліміздің мемлекеттік тілі қазақ тілі. Ата Заңымызда бекітілген тіліміздің мәртебесі жыл өткен сайын көтеріліп келеді. Соның дәлелі мемлекеттік тіл қызмет тіліне айналып, мемлекеттік мекемелердегі іс қағаздары қазақ тілінде толтырылып, тіпті соңғы жылдары қазақ тілінде өтетін сот істерінің да саны артуда.

Сонымен қатар, мемлекеттік тіл – мемлекеттің бет-бейнесі. Тіл – елдің мәдениетін қалыптастыратын ұйытқы, ұлттық бірліктің негізі, адамның рухани және

имандылық қасиеттерінің басты факторы. Тіл білу халықты, оның тарихын, тұрмысы мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін терең тануға жол ашады. Өзгелерге мемлекет ретінде

танылғымыз келсе, біз ең алдымен қасиетті ана тілімізді сақтауымыз қажет. Өйткені, тілі жоғалған күні ұлттың өзі де жоғалатыны анық. Тарихта алдымен тілін жоғалтып, содан соң өздері жоғалған ұлттар қаншама. Тарихтан белгілі, қандай ел болмасын бостандық алған соң ең бірінші тілдің мәселесін шешеді. Сондықтан қазіргі таңда мемлекеттік тіліміздің мәртебесі өсіп, қолданыс аясының кеңеюі өте маңызды.

Осы орайда мемлекеттік тіл саясаты елімізде үнемі мемлекет тарапынан баса назар аударар басым бағыттардың бірі болып келеді. Еліміздегі барша ұлт қоғам болып бірігіп, мемлекеттік тілді толық меңгермейінші мықты мемлекет құра алмайтынымыз да үнемі айтылып келеді. Мемлекеттік тіл – сол елдің

халқын біріктіретін, ортақ істерге жұмылдыратын, елге деген перзенттік ықыласты қалыптастыратын бірден-бір құрал. Бір тілде сөйлемеген халық біріге де алмайды, өздерін бір шаңырақтың мүшесімін деп те сезіне алмайды. Сондықтан мемлекеттік тілімізді ұлтты біріктіруші құрал ретінде қолданатын кез жетті.

Атап өтер жайт, соңғы жылдары елімізде қазақ тілді балабақшалар мен мектептердің қатары толығып келеді. Жастардың да ана тілінде ән тыңдап, қазақ тіліндегі әндерге ықыласы артып келе жатқанын байқап отырмыз. Сондықтан мемлекеттік тіліміздің серейі алдағы уақытта арта түсеріне сенім мол!

Анар ҚОНЫСБАЕВА,
Ақтөбе қалалық соты
әкімшісінің жетекші маманы

БАБАЛАРДАН ҚАЛҒАН ЖАҚҰТ

Халқымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаев: «„Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілінің кеми бастауы ұлттың құрмш бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмауы тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақтың тілінде – қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы – кең, тілі – бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ», – деп тіліміз жайлы толғанған болатын.

Тіл мәселесі қай уақытта да өзекті. Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі. Тіл Отан көлемінде қуатты қатынас құрала бола тұрып, халықаралық байланыста да өзінің мемлекеттік мәртебесін сақтауы үшін жас ұрпақтың жеке тұлғалық қасиеті мен патриоттық сезімін ұштастыра тәрбиелеу – біздің яғни, аға буын өкілдерінің парызы деп білемін. Сонда ғана туған тіліміз қоғамның барлық саласында сұранысқа ие болары сөзсіз.

Халықаралық келіссөздердің көпшілігін мемлекеттік тілімізде жүргізу, жоғары оқу орындарындағы қабылдау емтихандары мен оларды бітігер кездегі мемлекеттік емтихандардың қатарына қазақ тілінің де енгізілуі, республикалық кеңестерді қазақ тілінде өткізуге бірте-бірте көшу, іс-қағаздардың мемлекеттік тілде жүргізілуінің белгілі бір нормаларын белгілеу сияқты шаралар қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін арттырып, беделін күшейте түсері анық. «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту», – деген екен Бауыржан Момышұлы.

Мемлекеттік тілімізді аман сақтап, ілгері дамыту үшін бәрімізге ұлттық сана, азаматтық биік тұғыр, мемлекеттік идеология қажет. Қазір біз тілдің дамуының бүкіл жауапкершілігін өз мойнымызға алдық, өзімізден өзіміз талап ететін кезеңге жеттік.. Мәшһүр Жүсіп Көпеев айтқан екен: «Араб тілі басты тіл, түркі тілі – өнерлі тіл, ал қазақ тілі – ғайуар тіл» деп. Ата-бабамыздан қалған ғайуар-жақұтымызды, шұрайлы қазақ тілімізді ұрпақтан-ұрпаққа сағ алтындай қадірлей отырып жеткізу, тәуелсіз елдің азаматы ретінде борышым деп білемін.

Еркен ИСМАГУЛОВ,
Ақтөбе қаласының мамандандырылған
тергеу сотының бас маманы-
сот отырысының хатшысы

ТАРАТУ

3. «Alash Barlau&Service KZ» ЖШС (БСН 221140031833) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 130000, Ақтау қаласы, 17 ықшам ауданы, 104-үй, н.п. 40, тел. 87767000586.

6. «Талас аудандық «TALAS tan'у» газетінің редакциясы» ЖШС (БСН 241040019567) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, А. Шейн көшесі, 47А ғимарат, тел. 87057975237.

7. «Жаркын Construction І» ЖШС (БСН 230740031190) ҚР Астана қаласы, Нұра ауданы, Күлтегін көшесі, 19/1 үй, 164-пәтер өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 47/2, 501-кеңсе.

8. «Микрофинансовая организация «Akshabar» ЖШС, БСН 191240007846, Алматы қаласы, Өл-Фараби даңғылы, 7-үй, 122-пәтер, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданысын тоқтату туралы ерікті түрде жүгінгенін хабарлайды. Ақпарат мына электрондық пошта бойынша: mforpartners@4slovo.kz.

13. «Табиғат-Ана» ЖШС (БСН 220740030170) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Талғар қаласы, Жаңа ықшамауданы, Абай көшесі, 88/2 үй, 16-пәтер.

МҰРАҒЕРЛІК

5. 2024 жылдың 13 мамырында қайтыс болған Сарсенбаев Ерлан Ержигитовичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер нотариус М.А. Кошкарбаевнаға келуі керек. Мекенжайы: Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылы, С.Тоймаханов көшесі, 19-үй. Тел. 8 777 115 25 55.

ӨРТҮРІШ

2. «Nurorda» мектеп-лицей» мекемесі (БСН 070740012675) жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен (4 410 000 теңге) аспауы керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарлауыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 87172-695-037; 87172-695-058.

4. «Хозяйственное управление аппарата акима ЗКО» ЖШС (БСН 010740002558) жарғылық капиталдың азаюы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: КР, БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 179-үй.

9. «ХолдемТрейдПРО» ЖШС (БСН 141240025766) «ТЕХНО CAR» ЖШС-не, (БСН 140240019312) қосылу жолымен өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Қонаев қаласы, Индустриальная көшесі, 1/6.

10. «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Панфилов ауданының №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі БСН 060740005244 өзінің «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Панфилов ауданының №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (БСН 151240004290) қосу жолымен қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Алтғыұй ауылы, Желтоқсан көшесі, 23, тел. +7 777 127 99 77, +7701 333 09 58.

11. «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Талдықорған қаласының №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі БСН 180340035513 өзінің«Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Талдықорған қаласының №1 мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (БСН 560840000013) қосу жолымен қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған

күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Қонаев көшесі, 51, тел. +7 777 273 65 43.

12. «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі БСН 220940037284 өзінің «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Намыс» барлық түрлері бойынша спорты дамыту дирекциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне БСН 180140015849 қосу жолымен қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Абылай Хан көшесі, 125 А, тел. +7 701 306 75 68.

14. «ОҢТҮСТІК» аймақтық инвестициялық орталығы» ЖШС (БСН 071040012503) өзінің жарғылық капиталы 18 434 707 877 теңгеге төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 321-үй.

15. «Moneyplus» микроқаржы ұйымы» ЖШС (БСН 230440019359) орналасқан жерінің (занды мекенжайының) өзгергені туралы хабарлайды. 09.10.2024 ж. бастап жаңа орналасқан жері (занды мекенжайы): Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Өуезов ауданы, Төле би көшесі, 297е, пошта индексі 050005, тел. +7 747 302 82 82. support@moneyplus.kz.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Абай аудандық сотының судьясы Алпысбаева Бекзат Рысқалиқызына әкесі Рысқали Тәйкенұлының дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Ақмола облыстық сотының басшылығы мен Ақмола облысының судьялар қауымдастығы сот жүйесінің ардагері Жанәділов Ерлан Болатұлына әкесі Жанәділов Болат Сүлейменұлының қайтыс болуына байланысты, оның отбасы мен туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ – Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22.
E-mail: kaldybayeva@gmail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-РV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8090704.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі, 110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл-орда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибоева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

• БАЙҚАУҒА!

(Жалғасы. Басы өткен №84,85 сандарда)

Айғайлап, ит терісін басына қаптап, қылмыстық іс туралы материалын бетіне лақтырып, қуып шығамын деп ойласа керек. 2012 жылы да осыған ұқсас оқиға болған. Сол жылы полиция қызметкерлері президенттік тест тапсырды. Ол кезде Азамат ІМ академиясында жұмыс істейтін кезі. Академияның бастығы – генерал Жанат Құлтаев. Тест тапсырып болғаннан кейін генерал қызметкерлермен сөйлесті. Орынбасарлары комиссия мүшелері болды. Сол күні генералмен сөйлесіп шыққандардың кейбірі біразға дейін өз-өзіне келе алмай жүрді. Азамат Кидирсиховтың да кезегі келгенде кабинетке кірді. Жерге кілем төсеп тастаған. Сапта тұрғандай адымдап, жұмсақ кілем үстімен төралқада отырған генералдың қақ алдына барып тұрды. Тәртіп бойынша есеп берді. Ал генерал Азамат туралы алдында жатқан мәліметке қарап, таңқалғаны көрініп тұрды. Бір айта кетері, ол ІМ академиясындағы ғалым-офицерлерге тақаппарлана төбеден қарайтын да, тәжірибелі мамандарды жоғары бағалайтын. Ал алдында тәжірибесі бар ғалым тұр.

– Бас прокуратурадан неге кеттің? – деп сұрады.

– Кандидаттық диссертациямды жазу үшін. Ол құрметпен басын ізеді.

Құлтаев заң ғылымдарының докторы. Ол орынбасарларына бұрылып:

– Сұрақтарың бар ма? – деді. Сол кезде орынбасары Талап Байжанов бірдеңе сұрау керек дегендей:

– Атыс қаруын қолдану негіздерін айтып бер, – деді.

Азамат Кидирсихов жауап бергенше Жанат Құлтаев сөзді бөліп:

– Әй, сен, тыңда, ол тәжірибелі адам, атыс қаруын қолдану негіздерін сенен жақсы біледі, – деді. Содан кейін ешкім сұрақ қоймаған соң Ж. Құлтаев:

– Жарайсың! Боссың! – деген еді...

Азамат Кидирсихов Тұсайыновтың кабинетіне кіріп келе жатқанда Тұсайынов қолындағы қағазын лақтыруға дайын тұр еді. Бірақ тергеушіні көріп кілт тоқтады. Иә, Азамат Кидирсихов тергеуші, ал Тұсайынов басшы. Бірақ Азамат та бір кездері ауданның прокуроры, облыстық прокуратураның бастығы болған, Бас прокуратурада да жұмыс істеген. Ол Тұсайыновтың қазір істеп отырған жұмысын баяғыда істеп тастаған...

...Тұсайынов артық ештеңе айтпастан, қамауға алу туралы өтінішін қабылдады.

– Азамат Кидирсихов, Димашева, Бараев, Даровскаялардың телефон нөмірлерін егжей-тегжейлі тексерген талдау келді.

– О-о-о, соны күтіп жүр едім. Рақмет!

Ең бірінші Димашеваға қоңырау соққан нөмірлерді қарап шықты. Бір нөмір қайта-қайта қоңырау соққан екен. Күніне бір-екі рет. Енді Димашеваның қоңырау соққан нөмірлерін қарады. Ол да әлгі нөмірге күніне бірнеше рет қоңырау соғады екен. «Бұл кім болды?» деп ойлады. – Тұра тұр, мынау таныс нөмір ғой. Кімдікі? Кімдікі еді?

Жалма-жан өзінің телефонындағы нөмірлерді қарай бастады. Көлбаев деп сақтап қойыпты.

– Көлбаев! – деп шошып кетті. Өз көзіне өзі сене алар емес. – Көлбаев пен Димашева! – деп орнынан тұрып кетті. – Олар сонда бір-біріне өте жақын болғаны ма? Сонда қалай? Бұлай күнде әйелін де қоңырау соқпайды.

Дереу телефонын алып жедел уәкілге қоңырау соқты:

– Көлбаев туралы толық мәлімет керек. Бұрын қайда жұмыс істеді? Қайда тұрды? Кімдермен жақсы араласты? Жалпы бәрі керек.

– ІМ Тергеу департаменті басқармасының бастығы Көлбаев туралы ма?

– Иә, сол туралы.

Л.Димашеваның көмекшісі Риза мен Бараев та жиі сөйлесіп тұрған.

Кешке жақын жедел уәкіл келіп:

– Көлбаев бойынша, – деп бір папка әкеліп берді.

Папканы ашып қарап, ішіндегі он шақты парақты көріп:

– Осы ғана ма? – деп сұрады.

– Әзірге осы.

– Жақсы, – деген Азамат Кидирсихов паракқа үңілді. – Көлбаев, Түрксіб аудандық полиция бөлімінің бастығы...

Өрт

2015 жылдың 20 қарашасында Л.Димашеваның офісі өртенген деген ақпарат түсті. Азамат Кидирсихов өрттің неден шыққанын анықтайтын анықтаушыны кабинетіне шақырып:

– Хаттама толтырмаймыз. Тек өрт неден шыққанын анықтадыңыздар ма?

– Біреу әдейі өртеген. Бірақ біз оны дәлелдей алмаймыз.

– Барлық құжат өртеніп кеткен бе?

– Жок. Дәл уақытында сөндіріп

– Л.Димашеваға қатысты Вичкут-киннің ісін тергедің бе? Сот жеке қаулы шығарған екен, сол қаулы қайда?

– А-а-а, Азеке, ол міне, – деп тауып берді.

Жеке қаулыға қарап отырып, сот Ш.Ержанова тергеушінің де жұмысын істегенін көреді. Сол қаулы бойынша мұрағаттағы құжаттарды көтереді.

Димашеваның үйін тінту

Ж.Тұсайыновтан Димашеваны қамауға санкция алғаннан кейін үйіне 2 рет барды. Екеуінде де үйде адам болмады. Үшіншісінде барғанда сол үйден бір ер адам шығып келе жатты.

– Осы Димашева Лаураның үйі ме?

– Жок. Оның үйі емес.

– Енді кімнің үйі?

– Кімнің үйі екенін айта алмаймын.

– Біздің қолымыздағы құжат бойынша Димашева осы, Юбилейная 6 үйде тұрады. Үйге тінту жүргіземіз.

ҚАРАД НОТАРИУС (Деректі детектив)



үлгердік. Біраз құжаттарды шығардық. Оның бәрі қылмыстық іс қозғауды тоқтатқан құжаттар.

Сол жылы Л.Димашеваны Бостандық аудандық сотына шақырады. Сот Шырын Ержанова құжаттарға талдау жасай отырып, әрі Л.Димашеваның жауабы арқылы қылмысқа қатысы барын біліп оған:

– Барлық құжатты алып келіңіз, – дейді. Сол күннен бастап Л.Димашева сотқа баруды қояды. Телефонға жауап бермейді, шақыртуға бармайды. Әйел басына қара бұлт үйірілгенін біледі де, 20 қарашада офісін өзі өртен жібереді.

Сот 25 қарашада жеке қаулы шығарып, Л.Димашеваны тексеру керек дейді. Бірақ жеке қаулының аты, жеке қаулы. Заң бойынша жауап беру керек, ол бірден іс қозғап, тергеу деген сөз емес. Жеке қаулыны прокуратураға жіберсе де, көбіне прокуратура жауап бермейді, карамайды, сол күйі қалады. Прокуратура жеке қаулыны аудандық ІІБ жібереді. Жоғарғы соттағылар аудандық соттарға жеке қаулы шығардыңдар ма, неге оның орындалған-орындалмағанын қадағаламайсындар дейді. Бұл жеке қаулы да Бостандық ауданының ІІБ жатып қалады.

5 маусымда Азамат Кидирсиховқа осы жеке қаулы туралы Мамыров айтады.

– Өткен жылы соттың жеке қаулысы келген. Ол істі Қайсар тексерген. Қайсарды білесің, шала-пұла тергеп жібере салған. Қаулыны Қайсарға бергем, егер ол қаулыны туалетке апарып тастамаса тауып алшы, – дейді.

Азамат Кидирсихов Қайсарға барып:

– Тінтуге рұқсат бермеймін.

– Бүгін үшінші рет келіп тұрмыз. Қолымызда есікті бұзып кіруге рұқсат бар. Сіз рұқсат бермесеңіз де бүгін үйге кіреміз.

Әлгі үйден шығып бара жатқан жігіт кетіп қалғысы келіп:

– Мен ауруханаға бара жатырмын, – деп қарсыласып еді, Азамат Кидирсихов:

– Тінту шаралары басталып кетті, енді кете алмайсыз, – деп жібермеді. Ол әрі қашты, бері қашты, бірақ кете алмады. Үйдің алдында тағы бір әйел жүрді. Аты-жөнін айтпаса да, полиция қызметкерлерін үйге кіргізбей қарсыласып біраз жүрді де кетіп қалды. Енді үйді ашып кірейін десе кілт жок. Үйден шыққан жігіттен:

– Үйдің кілті қайда? – деп сұрап еді: – Менде кілт жок, – деп жауап берді.

Күшпен қалтасын қарайтын болған соң амалсыздан:

– Кілтті жанағы әйел алып кетті, – деді. Азамат Кидирсихов сол сәт жедел уәкілдерге:

– Жүгір, ана кісіден кілтті алып келіндер, – деп тапсырма беріп, өзі мына кісінің қашып кетпеуін қадағалап тұрды.

Жедел уәкіл қайтып келіп:

– Кілт мына кісінің қалтасында екен, – деді.

Сол кезде қарсыласып тұрған кісі қалтасынан кілтті алып берді.

Үйге кіріп бірінші қабаттан бастап тінту жұмысын жүргізді. Сонда әр бөлмедегі шкаф сөресінен Л.Димашеваның куәландырған құжаттарының бір беті, екі беті табылып жатты.

– Егер Л.Димашева бұл үйде тұр-

майтын болса, неге ол куәландырған құжаттар сіздің үйдің шкафында жатыр?

– ?..

Балалар бөлмесіндегі шкафтан бір бума құжатты алып жатқанда әлгі жігіт Азамат Кидирсиховтың қолына жармасып:

– Бұл менің құжаттарым, – деді.

Құжаттарды ашып қарап:

– Шыңбаев Айдос деген сіз бе? – деп сұрады.

– Иә, мен.

– Неге онда аты-жөніңізді айтпадыңыз?

–?..

Тағы бір тартпадан визиткалар шықты. Визиткада Лаура Шыңбаева деп жазылған екен.

– Лаура Димашева бұрын Шынбаева болған ба? Лаура сенің анаң ба? – деп сұрады.

– Иә, – деп жауап берді.

Бірінші қабаттағы бөлмелерді түгел қарап шықты. Табылған құжаттарды тәркілеп алып, асүйге кіргенде онда

ҚАРАД НОТАРИУС

көршісімін деп есік алдында айғай шығарған әйел отыр екен. Аяқ жағында қол сөмкесі тұрды. Азамат Кидирсихов сөмкеге қол соза бергенде:

– Бұл менің сөмкем! – деп баж ете түсті.

– Сіздің сөмкеніз болса, қазір мына камераның, куәгерлердің көзінше қараймын да қайтарып беремін, – деп сөмкені ашып қалғанда ішінен 5 жер телімінің құжаты шықты.

– Мыналар кімнің жер телімінің құжаты?

– Бұлар менікі, сотқа қатысып жүрмін! – деп айғайлап Азамат Кидирсиховтың қолындағы жер телімінің құжаттарын жұлып алғысы келіп ұмтылды.

– Бұл құжаттарды да тәркілеймін. Тексеріп болған соң өзіңізге қайтарамыз, – деді.

– Азамат, бұл үйде саған ешкім пара бермейді, қайтар құжаттарымды! – деп бақырды.

Әрі қарай екінші қабатқа көтерілгенде бір бөлменің есігінде құлып тұрды.

– Айдос, мына бөлмені өзің ашып бересің бе, әлде бұзып кірейік пе? – деді Кидирсихов.

– Оның кілтті жоқ менде, бұрыннан жабық тұр, – деп бет бактырмады.

Есіктің арасына лом салып тарта бастаған жұмысшы:

– Мынаның ішінде біреу бар, – деді. – Дыбысы шығып жатыр, бұза берейін бе?

Сол кезде Айдос бөлменің есігін ашты.

Ашса, есік алдында қолында екі пакеті бар Лаура Димашева тұр. Бөлме дегеніміз әжетхана екен.

Азамат Кидирсихов:

– Лаура Димашева, неше күннен бері сізді іздеп жүрміз, – деп қолындағы екі пакетін алды. Пакеттің ішінен офіспен бірге өртеніп кетті деген барлық құжат шықты. Іздеген құжаттың бәрі табылғаннан кейін Лаура Димашеваны қамап, істі прокуратураға жіберді.

Лаура Димашеваның тағы бір ісі

2008 жыл. СИ-1. Түрменің ұзын дәлізімен қолын артына қарата ұстаған Бақыт Бекотаев келе жатты. Артында түрме күзетшісі. Олардың қасынан бір әйел өтіп бара жатты. Көзінің қнығымен танып қалған Бақыт Бекотаев:

– Лаура! – деп айғайлап жіберді. Лаура Димашева жалт қарады. Жағдайды бірден түсінген Лаура күзетшіге:

– Мен адвокатпын. Бір-екі минут қана сөйлесемін, – деді.

«Не болды? Қалай?» – деп сұрамады.

Бірден:

– Шартты мерзім алу үшін апелляцияға көмектесе аламын. 50 000 АҚШ доллары. Менің еңбегім 2 000 АҚШ доллары.

– Бүгін кешке үйден аласың.

– Жақсы, – деп кете барды.

«Димашева бұрын сот болған. Жан-жақта байланысы бар» деп ойлаған Б.Бекотаев шешесіне қоңырау соғып қысқа амандасты да:

– Бүгін үйге Димашева Лаура деген адвокат барады. Сұрағанын берерсіздер, маған көмектеседі, – деді.

Кешке Б.Бекотаевтың әке-шешесі қызына үй алып береміз деп жинап жүрген ақшадан 52 000 АҚШ долларын Л.Димашеваға санап беріп тұрып, ыңғайсызданса да:

– Бізге қолхат бермейсіз бе? – деп сұрады.

– Мұндай істе қолхат болмайды, – деді. Күні түсіп, кіріптар болып отырған ата-ана «сенімсіздікпен қарағанымыз дұрыс болмас» деп үндемеді.

Бірақ Б.Бекотаевқа Л.Димашеваның көмегі тимеді, сотталып кетті. Баласы сотталып кеткеннен кейін ата-анасы қайта-қайта телефон соғып, ақшаны қайтаруын талап етті. Сондай күннің бірінде Л.Димашева Б.Бекотаевқа өзі телефон соғып:

– Мен ол ақшаны сотқа жеткізетін бір адамға берем деп, алданып қалдым. Түрмеден шыққанында ақшанды дайындап қоямын. Оған дейін ата-анаң мазамды алмасын, – деді.

Ереже бойынша клиенттен ақша алған адвокат ол ақшаны Алматы қаласындағы адвокаттар алқасының кассасына өткізіп, клиентке түбіртек беруі керек. Адвокаттар алқасы салық пен зейнетақы жарнасын шегеріп, қалған ақшаны адвокатқа береді. Л. Димашева адвокаттар алқасының мүшесі болса да Б. Бекотаевтан алған ақшаны адвокаттар алқасына өткізбейді. Себебі А.Кидирсихов алқаға сауал жолдап, Л.Димашеваның Б.Бекотаевтан алған ақшаны алқа кассасына өткізбегенін біледі.

Б.Бекотаевтың арызымен танысып шыққан А.Кидирсихов оған Бараев Аюбтың фотосуретін көрсетіп, танытын-танымайтынын сұрады. «Бұл адам Түрксіб ауданында тұрады. Мен де сол ауданда тұрамын. Бірде Л.Димашевамен кездесуге кафеге барғанымда екеуі бірге отырды. Мен оның «бандит» екенін білемін. Сол кезде Л. Димашеваның бұған қандай қатысы бар деп ойлағам».

2012 жылы желтоқсан айында Б.Бекотаев түрмеден шығып Л.Димашеваны іздейді. Бұл кезде ол адвокат емес, нотариус болып жүр екен. Есіктен кіріп келе жатқан Б.Бекотаевты көріп орнынан атып тұрып, жағдайын, қашан босағанын сұрап, шәй ұсынып бөйек болады. Беті әлемтапырық. Б.Бекотаев бірден қысқа қайырып:

– Ақшамды әкел, – деді.

– Тауып беремін, ол ақшаны алған адамдар әлі берген жок. Қалай аламын, солай беремін, – деді.

– Мен ақшаны саған бердім. Басқа артық әңгіменің керегі жок.

– Иә, иә, келесі айда қалайда тауып беремін, – деп шығарып салды.

Содан әні-міне деп жүргенде арада екі жыл өтті. Б.Бекотаевтың ізінен қалмайтынын білген Л.Димашева бір күні оған қоңырау соғып:

– Бақыт, 10 000 доллар қарызға бере тұр. 10 000 АҚШ долларын банкке «шап-ка» ретінде беріп, үлкен сомада кредит аламын да, бұрынғы ақшаңа қосып бірден қайтарамын, – деді.

Л.Димашеваға сенбеген Б.Бекотаев:

– Тек қолхат арқылы беремін, – деді.

– Жақсы, – деп оған да келісті Л. Димашева.

– Тек бұл 10 000 АҚШ долларына емес, алдыңғы алған 52 000 АҚШ долларына да қолхат жазып бересің.

– Жақсы, оған да жазып берейін, сол ақшаны беру үшін кредит алайын деп тұрмын, – деді Л. Димашева.

Әйелдің сөзіне сенген Б.Бекотаев сыныптасы Ольга Холмещкаядан 10 мың АҚШ долларын қарызға алып: «Жүр, бірге барайық. Осы ақшаны Л. Димашеваға бергенімді өзің де көр», – деді.

2014 жылдың 24 сәуірінде Б.Бекотаев пен О.Холмещкая 10 000 АҚШ долларын Л.Димашеваның офісіне апарып беріп, қолхат алады. Бірақ со күйі Л.Димашева 52 000 АҚШ долларын да, 10 000 АҚШ долларын да бермей кетеді. Осылайша Л.Димашева әріптесі, заңгер Б.Бекотаевты тағы да алдап соғады.

Әдiна ӘБДІБАЙҚЫЗЫ
(Жалғасы бар)

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы Нұрбол Әлдібаев
облысы 8 701 357 66 84.
Ақтөбе Жансая Есмағанбетова
облысы 8 705 398 62 83.
Атырау Боранбай Ғалиев
облысы 8 775 543 03 80.
Маңғыстау Жазира Әбіл
облысы 8 702 514 54 44.
Қызылорда Гүлбану Мақажан
облысы 8 701 697 39 86.
Түркістан Сейітхан Құлмаханбетов
облысы 8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Нұрлыбек
Қазақстан Рахманов
облысы 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5071 дана
Апталық таралым 10 142 дана

Тапсырыс №105 Индекс 65921